

#КүшімізБірлікте

Азаматтарымыз мемлекетті басқару ісіне қатысуға кең мүмкіндік берілгенін қалайды. Сондай-ақ, саяси үдерісті түбегейлі демократияландыру қажет деп санайды. Мұны тиімді жүзеге асыру үшін Ата Заңымызға өзгерістер енгізу қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

#ЖАҢАҚАЗАҚСТАН



ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

4-5

ӨНЕР ӘЛЕМІ



АЛМАТЫДА ЖАҢА ТЕАТР

6

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жол жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 14 мамыр күні сағат 22.00-ден 15 мамыр күні сағат 06.00-ге дейін Абай даңғылының оңтүстік бөлігі Саин көшесінен Алтынсарин даңғылына дейін қозғалыс ішінара жабылады.

Абай даңғылының Саин көшесінен Алтынсарин даңғылына дейінгі жолының солтүстік бөлігі де жөндеу жұмыстары үшін 15 мамыр сағат 22.00-ден 16 мамыр сағат 06.00-ге дейін жабылады.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

14.05.2022

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлт шығады,
жаңбыр, күндіз қатты.
Кей уақытта найзағай.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлт шығады,
жаңбыр, күндіз қатты.
Кей уақытта найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні
15-20 м/с

15.05.2022

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай, бұршақ

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр,
кей уақытта қатты,
найзағай, бұршақ



Желдің жылдамдығы:
5-10, екпіні 15 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №51-52 (6187) 14 мамыр, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЖАРТЫ ҒАСЫР, ЖАҢА ЖОЛ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген билік өкілдерінің халықпен кездесулерінің жаңа форматына сәйкес, Ерболат Досаев жыл соңына дейін қала тұрғындарымен 24 кездесу өткізбек. Бұл – шаһар басшысының мегаполис халқымен осымен үшінші жүздесуі. Елу жылдық жолдан өткен Әуезов ауданы да жаңа жолға қадам басты. Бұл – жаңа Қазақстан жолы.

2-3

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АРУ АЛМАТЫ ГҮЛ БАҒЫНА АЙНАЛАДЫ



Алматыда гүл егу науқаны басталды. Қазір жұмысшылар саябақтар мен скверлерге көпжылдық және біржылдық гүл көшеттері мен сәндік өсімдіктерді отырғызуда. Биыл шаһар аумағына шамамен 160 мың шаршы метр жерге гүл отырғызылады. Демек, Алматы көшелері гүл бағына айналады.

ҚЫСҚА...

- Президент 2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңға қол қойды.
- 16 мамырда Мәскеуде Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының жиыны өтеді.
- Биыл Ораза айында дүниеге келген 1445 нәрестеге Рамазан есімі берілген.
- Қазақстандық туристер ғарышқа ұшуы мүмкін.
- 20 мыңнан астам жас қазақстандық SAMGAU бағдарламасына қатысты.
- Елордада сәбиді құтқаруға қатысқан Сағи Жылқышиев те төсбелгімен марапатталды.
- Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін төлем мөлшері 9%-ға артты.

www.almaty-akshamy.kz



7

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ӘКІМ

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Бұған дейінгі алғашқы жиын – Бостандық ауданына, екіншісі – Алатау ауданының тұрғындарымен өткен болатын.

Шаһар басшысының Әуезов ауданындағы кездесуіне 500-ден астам тұрғын жиналды. Ерболат Досаев алғашқы сөзін ауданның 50 жылдық мерейтойымен құттықтаудан бастады.

– Бұл мүмкіндікті пайдалана отырып, ауданның құрылуының 50 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтағым келеді! Әуезов ауданы 13,1 мың тұрғын орналасқан әрі жалпы қалалық көрсеткіштен 4,5 есе көп Алматының ең тығыз қоныстанған ауданы болып табылады. Сауда нысанының жеткіліктілігі мен жақындығы және дамыған инфрақұрылым ауданның әлеуметтік-экономикалық жағынан серпінді дамуына ықпал етеді, – деді Ерболат Досаев.

Алматы әкімінің мәліметінше, жыл басынан бері инвестиция мен салық көлемі өскен. Ауданда шағын және орта бизнес белсенді дамуда. 37 мыңнан астам субъект жұмыс істейді. Қаланың әрбір алтыншы ШОБ субъектісі Әуезов ауданында тіркелген. Биыл 4,5 мың жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда, оның 3,3 мыңы Жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа орналастырылады.

ЖАСТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Шаһар басшысы тұрғындармен кездесуінде «Алматы жастары» ипотекалық тұрғын үй бағдарламасына құжат қабылдау басталатынын айтты. Өтінім қабылдау 18 мамырдан бастап 1 маусымға дейін жалғасады.

«Биыл Алматыда 1 мың жас отбасы баспанамен қамтамасыз етіледі. Олар – медицина қызметкерлері, оқытушылар, ЖОО мен ФЗИ оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері, мәдениет және спорт саласының қызметкерлері, журналистер, жазушылар, халықты әлеуметтік қорғау және құқық қорғау органдары-



ның мамандары», – деді Ерболат Досаев.

Бұл бағдарлама арқылы үй сатып алу үшін 5% жеңілдікпен 25 жылға 18 млн теңге несие берілетінін айта кетейік. Дегенмен, несие алуға бастапқы салым ретінде үй алушы 10% сомасын төлеуі қажет.

Халықпен кездесу барысында Алматы қаласының әкімі аумақты әлеуметтік инфрақұрылыммен, инженерлік желілермен қамтамасыз ету, қаланы абаттандыру жайын айтты, ауданның бірқатар проблемалық мәселелерін атап өтті.

Шаһар басшысының айтуынша, әлеуметтік нысандардың жетіспеушілігі мәселесін шешу үшін жаңа медициналық мекемелердің, мектептер мен балабақшалардың құрылысы жалғасады. Құрылыс салушылармен жасалған меморандум аясында 2 жаңа мемлекеттік мектеп салу және

400 орынды 1 жеке мектеп ашу жоспарлануда (4-ықшамаудан, 11-үйдегі мекенжай бойынша «Достық» жеке мектебі). Жақын арада 1960 жылы салынған №72 апатты мектептің орнына 1200 орынды жаңа мектеп салу үшін қосымша жер учаскелері сатып алынатын болады.

Жеке инвестициялар есебінен орын тапшылығын қысқарту мақсатында 800 орынды 10 жекеменшік балабақша ашу жоспарлануда. Сондай-ақ, «Алтын бесік» ықшамауданында 120 орынды жаңа қалалық балабақша құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Қала басшысының тапсырмасы бойынша 10-ықшамауданда тағы бір 280 орынды балабақша салу үшін жер учаскесі сатып алынды. Сонымен қатар, жеке инвестициялар есебінен 800 орынды 10 жекеменшік балабақша ашу жоспарлануда.

Халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылы «Мамыр-1» ықшамауданында 2022 жылдың маусым айында ауысымына 200 келушіге арналған бес қабатты отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталады. «Қуаныш» ықшамауданында ауысымына 500 келушіге арналған емхана салу учаскесі анықталды.

Халықпен кездесу барысында қала басшысы 1960–1970 жылдары салынған ауданның инженерлік инфрақұрылымы жаңғыртуды қажет ететінін атап өтті. Қазіргі уақытта «Достық» ықшамауданы және Арыңная, Ықылас, Западная көшелерінің қиылысында су бұру желілерін салу үшін 2 жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Сонымен қатар «Мамыр-4» ықшамауданы мен Саин – Шаляпин – Жандосов – Қарғалы өзені көшелерінің қиы-

лыстарында сумен жабдықтау және су бұру желілерінің құрылысына ЖСҚ әзірлеуге қатысты 2 жоба бойынша конкурстық рәсімдер бір мезгілде өтуде. Құрылыс-монтаж жұмыстары 2023 жылы басталады.

ЕКІ МЕТРО СТАНЦИЯСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Ерболат Досаев кездесу барысында Әуезов ауданында көлік кептелісі жиі болатынын, бұл тұрғындардың жайлылық деңгейіне кері әсер ететінін айта келіп, маусым айында метрополитеннің екі – «Сарыарқа» және «Момышұлы» деп аталатын станциялары іске қосылатынын мәлімдеді.

– Бүгінде Төле би көшесін ұзарту бойынша жұмыстар жүргізілуде, ол үшін әкімдік 270 жер учаскесін босатуы қажет, оның ішінде біз 63 учаскені сатып алу бағасы бойынша келістік және 207 учаске бойын-

СҰРАҚ-ЖАУАП

Динара
МҰРАТ

ХАЛЫҚ КӨП – САУАЛ ДА КӨП

Шаһар басшысы сала мамандарына қордаланған мәселелерді шешуді тапсырды

Қала әкімі Ерболат Досаев Әуезов ауданы тұрғындарымен үш сағаттық кездесуде бірталай көкейкесті сауалдардың жауабын берді, халықтың мұң-мұқтажын тыңдады. Халық ең тығыз орналасқан бұл ауданда бірінші кезекте әлеуметтік мәселелер көп көтерілді. Біздің есептеуіміз бойынша сұрақтардың шамамен 25%-ы абаттандыру мәселелеріне, 24%-ы тұрғын үй жайына қатысты болса, әлеуметтік салада өзге аудандармен салыстырғанда анағұрлым көп көрсеткіш 15% тіркеліп отыр. Сондықтан бүгінгі сұрақ-жауап алаңы негізінен осы проблемаларды қамтыды.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР КӨП

Кездесу барысында бір байқағанмыз, Әуезов ауданы тұрғындарының арасында көпбалалы аналар мен зейнеткерлер көп. Содан болар, мұнда халықтың әл-ауқаты мәселелері өзінің өзектілігімен ерекшеленеді. Жалғызбасты, көпбалалы аналар әлеуметтік көмек түрлерін алу жолдары мен баспаналы болудың амалдарын сұрады.

Мысалы, Дамира Мұратқызы есімді тұрғын туыскандарында тұратындықтан АӘК ала алмай жүргеніне шағымданды. Қала әкімі тіркелім құжаттарын тексеріп, көпбалалы ананы жеке қабылдауды Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының басшысы Назира Тоғызбаеваға тапсырды. Ал жалғызбасты ана сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй беруді сұрады. Ерболат Досаев бұл бағдарламаға ену үшін алдымен қалада тіркеуде тұру керектігін айтып, аудан әкіміне барынша көмек көрсетуге тапсырма берді.

Аудан бойынша көпбалалы аналар қауымдастығы өз жеке мәселелерінен бөлек, әлеуметтік нысандардың аздығына алаңдаушылық білдіріп жатты. Алтын алқалы ана Ырсымбетова Аяғөз көпбалалы аналар атынан сөз сөйлеп, Оқушылар сарайын салып беруді өтінді.

– Әуезов ауданында көпбалалы аналармен жұмыс жасаймын. Мен барлық 150–200 Алтын, Күміс алқалы аналар атынан келіп отырмын. Бізде барлық аудандарда Оқушылар үйі бар. Біздің аудан үлкен, балалар көп, неге біздің ауданда жоқ? Соны салудың еш мүмкіндігі жоқ па? Бізге интернат пен Оқушылар үйі керек, – деді тұрғын.

Аудан әкімі Сайран Тәпенұлы Денсаулық сақтау басқармасына қарасты үш интернат барын хабарлап, қазір 1 гектарға созылған әскери комиссариат жерін бөлу жүргізіліп жатқанын жеткізді. Оның жартысын әскери комиссариатқа өткізілсе, қалған 70 сотық жер әлеуметтік нысандарға арналатын болады. Міне, сол жерде Оқушы-

лар сарайын салуға ұсыныс білдірілді. Қала әкімі ұсынысты қабыл алды.

Әкім алдына зейнеткер апамыз шығып, өз сауалын қойды:

«Қазір «Мамыр-4» ықшамауданында тұрамын. Сіз «Мамыр-2», «Мамыр-4» орналасқан аумақта отбасы амбулаториясы салынады деп уәде бергенсіз. Мамыр айында осы ғимараттың тұғыры қазылу керек болған, бірақ құрылыс әлі басталмады».

Қала әкімі бұл нысанның жоспарымен таныс екенін айтып, мамырдың соңына дейін құрылыс басталатынын жекізді.

КӘСІПКЕР АРУЛАР МЕКЕНІ

Әуезов ауданында көпбалалы аналардан бөлек, белсенді іскер аналар, кәсіпкер арулардың көптігін байқауға болады. Олардың көпшілігі мемлекеттік актінің берілмеуі салдарынан қиындық көріп жүргендерін айтады.

– Жеке кәсіпкер ретінде былтыр «Qoldau»-дан 4,5 миллион теңге ұтып алғанмын. Бастапқыда асхана ашамыз деген ой болды, кейіннен мен көше бойында, Саин–Жұбановтың шығыс бетіне қарай дүңгіршек қойған болатынмын. Сайран Тәпенұлының өзіне жеке айтпасам да, орынбасарларына айтып, сол жерге дүңгіршек ашуды өтінген болатынмын. Бастапқыда барлығы шешілген болатын, кейін Сайран Тәпенұлымен жеке жолыққанда маған мемлекеттік актіні алып кел деді. Барлығы біледі, жол бойынан мемле-



ЖАҢА ЖОЛ

Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ша келіссөздер жүргізіп жатырмыз. Бұл өткен жылы ашылған Абай даңғылындағы Момышұлы көшесінен батыс бағыттағы алты жолақты учаскемен бірге біздің мегаполистегі көлік ағындарын оңтайлы түрде қайта бөлуге және іргелес жатқан магистральдық көшелердегі көлік жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Биыл маусым айында Әуезов ауданындағы «Сарыарқа» және «Момышұлы» метро станциясын іске қосамыз. Бұл метрополитеннің тәуліктік жолаушылар ағынын 40 мыңнан 86 мыңға дейін арттырады, – деді қала басшысы.

Жайлылық жасау және қаланы абаттандыруды жақсарту мақсатында 2019 жылдан бастап Алматыда «Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы іске асырылуда. Биылғы жылы тұрғындардың ұсыныстары бойынша скверлерді, жаяу жүргіншілер аймақтарын жөндеу, бос жатқан учаскелерді абаттандыру бойынша 23 жоба

айқындалды, 191 аула аумағын күрделі жөндеу жоспарлануда.

«САЙРАН» КӨЛІ АБАТТАНАДЫ

Шаһар басшысы Сайран көлін абаттандыру мәселелеріне жеке тоқталды.

– Бүгінгі таңда Сайран көлінің бөгеттеріне көпфакторлы зерттеу жүргізілді. Биыл шілде айында жобалық-сараптамалық жұмысқа қатысты мемлекеттік сараптаманың қорытындысын аламыз. Жазалау аймағын ретке келтіру бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу және мемлекеттік сараптамадан өткізу мәселесі қыркүйек айында аяқталады деп ойлаймын, – деді Ерболат Досаев.

Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және есірткі қылмыстарының жолын кесу үшін ауданда 457 камера орнатылады, оның ішінде 87-сі аулаларда, 202-сі саябақтарда, әлеуметтік нысандардың жанында.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жолдауда айтылған бастамалардың негізгі мақсаты – саяси жүйемізді түбірімен өзгерту. Бұл халықтың көп жылғы талап-тілегінен туындап отыр» деген болатын. Әуезов ауданындағы тұрғындармен кездесу де осының бір көрінісіне айналды.

Ауданның бүгінгі әл-ауқатымен, әлеуметтік-экономикалық жағдайымен таныстырып, кейіннен жиынға келген халықтың сауалдарына жан-жақты, нақты және тыңғылықты жауап берген шаһар басшысы сөзінің соңында аудан тұрғындарын ағымдағы жылдың 5 маусымында өтетін республикалық референдумға қатысып, өздерінің азаматтық ұстанымын білдіруге, тарихи таңдау жасауға шақырды.

Шаһар басшысының халықпен кездесуі әдеттегідей әкім мен тұрғындар арасындағы сұрақ-жауап алаңында жалғасты.

кеттік акт берілмейтінін. Маған берілген ақшаның барлығын кәсіпке құйып қойдым, ал маған оны ашуға мүмкіндік жоқ. Осыны біржақты қылуга бола ма?

Аудан әкімі Сайран Тәпенұлы жол бойындағы дүңгіршектерге мемлекеттік акт берілмейді дегенді жоққа шығарды: «Жаңағы Алтынсарин бойында тұрған дүңгіршектер бойынша, былтыр біздің ауданда 5 мем. акт берілді. Бұл актілер Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы берілген болатын». Ерболат Досаев бұл мәселені аудан әкімімен бірлесе отырып шешуді орынбасары Әлішер Абдықадыровқа тапсырды.

БӘРІН МЕЗІ ҚЫЛҒАН «ТОҚАШ»

Тұрғын үй саласында ПИК-тің жойылуы бұрыннан сөз болып, көшіру процесі басталып кеткенмен, бұрынғы үй басқарушылармен түсініспеушіліктер бітпеген секілді. Кешегі кездесуде бір ғана «Тоқаш» ПИК-іне аудан бойынша қаншама адамдар шағым түсірді. Тіпті, қала әкімі іске жергілікті полицияны қосатынын айтты.

– «Тоқаш» ПИК ағаштарды кесуге №23 үйдің жинақ шотынан 189 мың ақшаны заңсыз есептен шығарды. Бұл ақшаны шотқа қайтаруды көздейтін 2021 жылғы 6 шілдедегі үйдің хаттамасы бар, бірақ төраға қайтармайды, не тұрғын үй инспекциясы, не әкімдік көмектеспейді. Біздің үйдің жарты миллион қарызы бар. Қайдан, не үшін түсініксіз. Есептер жоқ. Желтоқсан айында біздің үй заң бойынша басқа «Жаңа несін» деп аталатын ПИК-ке ауысты, бірақ ескі ПИК төрағасы құжаттарды тапсырмайды. Қайтадан жаңа хаттама сұрайды. Не істесек болады? – деп сауал қойды тұрғын.

● ТҮЙІН:

Қорытындылай келе, қаламыздың халқы ең тығыз орналасқан ауданында салыстырмалы түрде абаттандыру тұрғын үй мәселесіне қарағанда, әлеуметтік проблемалар өзектірек болып тұр. Алайда, көпбалалы, жалғызбасты аналардың белсенділігі мен іскерлігі қуантады. Кәсіпкерлікке деген қызығушылық мұнда жоғары. Қала әкімі Ерболат Досаев үш сағат бойы тұрғындардың барлық сұрақтарына жауап беруге тырысты, еленбей қалған тұстарды ескеріп, нақты тапсырмалар берді. Оған қоса, біраз адамның өтінішін жерде қалдырмай, жеке қабылдауға келісті.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл **5 мыңға жуық** жаңа жұмыс орны ашылады. Оның **3 мыңнан астамы** жұмыспен қамту орталығы арқылы орналастырылады



Маусым айында метрополитеннің **2 станциясы** – «Сары-Арқа» және «Момышұлы» іске қосылады.



191 Қалада аула аумағы күрделі жөндеуден өтеді



Қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және есірткі қылмыстарының жолын кесу үшін ауданда **457 камера** орнатылады



«Алматы жастары» бағдарламасы аясында тұрғын үй сатып алу үшін **18 млн теңгеге** дейінгі сомаға **5%-дық жеңілдікпен** несие беріледі



#ЖОЛДАУ2022

Стратегиялық
10 бастама:САЙЛАУ ЖҮЙЕСІН
ЖЕТІЛДІРУ

■ Саяси жаңғырудың басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлін арттыру. Бұл жұмысты сайлау үдерісі арқылы да жүзеге асырамыз.

■ Мен аралас сайлау жүйесіне көшуді ұсынамын. Сол кезде барлық азаматтардың құқығы толық ескеріледі. Пропорционалды-мажоритарлы үлгіде сайлаушылардың мүддесі ұлттық және өңірлік деңгейде толық көрініс табады. Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалдық, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен жасқалатын болады.

■ Аралас сайлау үлгісі облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттар сайлауына да енгізіледі. Сайлаудың осы тәсіліне оралу біз үшін өте маңызды. Бұл кадам – партиялардың Мәжіліс пен мәслихатқа өту шегін төмендету үшін осыған дейін қабылданған шешімнің заңды жалғасы.

■ Бұдан былай мажоритарлық жүйе бойынша әрбір аймақ Парламенттің төменгі палатасына өзінің кемінде бір депутатын сайлай алады. Жаңа үлгі көзқарасы әртүрлі азаматтардың Мәжіліске келуіне мүмкіндік береді.

■ Аудандар мен қалалардағы сайлауды толығымен мажоритарлық жүйеге көшіруді ұсынамын. Бұл жүйе жергілікті жерде бәсекелі саяси орта қалыптастырады. Оған қоса, елдің алдында беделі бар жаңа тұлғалардың саясатқа келуіне жол ашады.

■ Императивті мандатқа көшу де депутаттардың сайлаушылармен өзара байланысын нығайта түседі. Бір сөзбен айтқанда, енді сайлау алдында берген уәдесін орындамаған депутатты кері қайтаруға болады. Бұл – халық қалаулыларына ықпал студия тағы бір жолы. Осы ұстаным демократия дәстүрлерін едәуір нығайтады. Өзара жауапкершілік пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырады.

■ Пропорционалды және мажоритарлы жүйе қатар қолданылса, саяси партиялардың рөлі сақталады. Олар еліміздегі азаматтық қоғамның басты институттарының бірі ретінде қала береді. Сонымен бірге, бұл жүйе сайлауды әділ өткізуге және мемлекетті тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Аралас сайлау үлгісі азаматтардың саяси белсенділігін арттырып, елімізді жаңғырту үдерісіне жұмылдыра түседі деп сенемін.

#ШЕШІМ

Алматы қалалық Ардагерлер
кеңесі төралқасының
ҮНДЕУІ

Алматы қаласы

2022 жылғы 13 мамыр

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі кеңейтілген төралқасының қатысушылары «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер енгізу бойынша Референдумды қолдау жөніндегі Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің міндеттері туралы» мәселесін қарап, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияның кейбір баптарына өзгерістер енгізу жөніндегі республикалық референдум өткізу туралы бастамасын қолдау туралы шешімді бірауыздан қабылдады.

Еліміздің Президенті атап өткендей, референдумның мақсаты – «Жаңа Қазақстанды құру». Алдағы референдум республиканың әрбір азаматына Қазақстанның болашағын айқындайтын тарихи оқиғаға тікелей қатысуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы ұсынған Конституцияға өзгерістер толыққанды сипатқа ие және елдің саяси жүйесін қазіргі заманның талабына сай түбегейлі өзгертеді.

Конституциялық түзетулер жобасы бойынша Қазақстан азаматтарының жалпыға бірдей дауыс беруі біздің демократия қағидаттарына берік ұстаным-ымызды көрсетеді.

Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің Төралқасы 230 мың ардагердің атынан барлық қазақстандықтар мен Алматы қаласының тұрғындарына алдағы референдумға қатысуға және еліміздегі демократиялық процестердің одан әрі дамуы мен жаңа Қазақстанның құрылысы үшін берік құқықтық негіз жасайтын Конституцияға біздің әрқайсымыз үшін тағдыр-шешті өзгерістерді қолдауға шақырады.

АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ АРДАГЕРЛЕР
КЕҢЕСІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ.

#5 МАУСЫМ – ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Орталық референдум комиссиясында республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу мәселелері талқыланды



Орталық референдум комиссиясының (ОРК) қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясының бір күнде онлайн-режимде өткен екі отырысында 2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу мәселелері қаралды.

Отырысқа Бас прокуратураның, Сыртқы істер, ақпарат және қоғамдық даму, денсаулық сақтау министрліктерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, сондай-ақ бейнеконференция байланысы режимінде аумақтық референдум комиссиялары қатысты.

Алғашқы басқосу барысында күн тәртібі бойынша республикалық референдумды дайындау мен өткізудің ұйымдастырушылық аспектілеріне қатысты бес мәселе қаралды.

Ережелер мен мерзімдер

Комиссия төрағасы Нұрлан Әбдіров атап өткендей, «Референдум – бұл тікелей демократияның маңызды институты және халықтың тікелей заң шығаруын білдіреді. Бұл мемлекет үшін және әрбір жекелеген азамат үшін маңызды шешімдер қабылдауға жұртшылықтың қатысуының бір тәсілі. Негізгі Заңға енгізілетін түзетулер еліміз үшін аса маңызды. Өзгерістер Конституция баптарының үштен біріне қатысты болмақ. Яғни Конституциямыз жаңа мәртебеге ие болады. Бүкілхалықтық дауыс беру азаматтардың мемлекет істерін басқаруға тікелей қатысуын және саяси шешімдерді қабылдау процестерінің ашықтығын қамтамасыз етеді».

Орталық референдум комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров республикалық референдумға дайындық пен оны өткізу тәртібін 1995 жылғы 2 қарашадағы «Республикалық референдум туралы» ҚР Конституциялық Заңы айқындайтынын хабарлады.

Конституциялық Заңның 20-бабына сәйкес референдумды әзірлеу мен өткізуді: референдумның Орталық комиссиясының функцияларын орындайтын ҚР Орталық сайлау комиссиясы; референдумның аумақтық комиссияларының функцияларын орындайтын ҚР аумақтық сайлау комиссиялары; референдумның учаскелік комиссияларының функцияларын орындайтын учаскелік сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

Спикер республикалық референдум өткізу кезіндегі барлық деңгейдегі референдум комиссиясының өкілеттігі туралы егжей-тегжейлі баяндады. Ол республикалық референдумды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарының жобасын ОРК қарауына ұсынып, референдумды әзірлеудің әрбір кезеңіне тоқталды.

Күнтізбелік жоспарға сәйкес, **аумақтық және учаскелік комиссиялардың құрамы, комиссиялардың орналасқан жері мен жұмыс уақыты туралы мәліметтер, референдум учаскелерінің шекаралары** жайлы ақпараттар бұқаралық ақпарат құралдарында 2022 жылғы 15 мамырдан кешіктірмей (референдум тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей) жариялануға тиіс.

Үгіт жұмыстары референдум тағайындалғаннан кейін басталып, дауыс берілетін күннің алдындағы күні 00.00 сағатта, яғни 2022 жылғы 4 маусымда сағат 00.00-де аяқталады (**референдумның алдындағы күні және референдум өткізілетін күні үгіттеу жүргізуге тыйым салынады**).

Республикалық референдумға қатысуға құқығы бар **азаматтардың тізімдеріне** әрбір учаске бойынша өз шешімімен сол учаскені құрған әкім қол қояды және 2022 жылғы 15 мамырдан кешіктірмей (дауыс беру басталғанға дейін жиырма күн бұрын) акт бойынша табыс етіледі.

Учаскелік референдум комиссиясы **дауыс беру уақыты мен орны** туралы азаматтарды 2022 жылғы 25 мамырдан кешіктірмей (**дауыс беру күніне кемінде он күн қалғанда**) хабардар етеді.

Референдумда дауыс беруді өткізу уақыты, орны, ұйымдастырылуы мен тәртібі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленген ережелерге сәйкес айқындалады. Егер дауыс берудің өзге уақыты белгіленбесе, учаскелік комиссиялардың дауыс беру күні қорытынды шығару жергілікті уақыт бойынша сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін жүргізіледі.

Дауыс беру қорытындылары Орталық референдум комиссиясының отырысында шығарылады, хаттамамен ресімделеді, оған Орталық референдум комиссиясының төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы мен мүшелері қол қояды және қаулымен бекітіледі.

Байқаушылар және БАҚ өкілдері

Орталық референдум комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерман өз сөзінде «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 6-бабының 4-тармағына сәйкес, референдум өткізу кезінде оған өкілеттігін Орталық референдум комиссиясы белгілеген тәртіппен куәландыратын шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан байқаушылар қатыса алатынын хабарлады.

Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары Орталық референдум комиссиясының төрағасы мен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің шақыруы бойынша дауыс беруді бақылауға қатыса алады. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша Орталық референдум комиссиясының жанында аккредиттеледі. Сыртқы істер министрлігі жанынан Халықаралық бақылау мәселелері жөніндегі Штаб ашылған.

Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың аккредиттелген байқаушыларына олардың референдум өткізу кезеңіндегі қызметі үшін негіз болып табылатын, Орталық комиссия белгілеген үлгідегі аккредиттеу куәлігі беріледі. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралының өкілі еліміздің Сыртқы істер министрлігі берген аккредиттеу туралы куәлік алған жағдайда референдумға байқаушы ретінде қатыса алады. Сонымен қатар, ОРК қаулысы шетелдік бақылаушыларды аудармашымен бірге алып жүру мүмкіндігін қарастырады.

Аккредиттеуді өткізу дауыс беру күніне бес күн қалғанда, яғни 2022 жылғы 30 мамырда Нұр-Сұлтан уақытымен сағат 18.00-де аяқталады.

Орталық референдум комиссиясының мүшесі Анастасия Щегорцова «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 6-бабының 5-тармағына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары референдумға әзірлік пен оны өткізу барысын жария етіп отырғанын, олардың референдум комиссиялары жанында тіркелген өкілдерінің референдум өткізуге байланысты іс-шараларға қатысуына кепілдік берілетінін атап өтті. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 21 маусымдағы бұйрығымен бекітілген «Журналистерді аккредиттеу қағидалары» негізінде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін аккредиттеу алгоритмі көзделген. Көрсетілген қағидаларға сәйкес тиісті референдум комиссияларына бұқаралық ақпарат құралдары журналисті референдум іс-шараларына уақытша аккредиттеу туралы өтініш беруге тиіс, онда мыналар:

- 1) журналистің тегі, аты, әкесінің аты, оның байланыс деректері;
- 2) іс-шараның атауы және өткізу мерзімі;
- 3) БАҚ туралы мәліметтер: БАҚ атауы, жеке тұлғалар үшін заңды мекенжайы және заңды тұлғалар үшін орналасқан жері, бақ байланыс деректері көрсетілуі тиіс.

Өтінішке аккредиттелетін журналистің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі қоса беріледі. Сондай-ақ, тиісті БАҚ иесі немесе бас редакторы өтініште көрсетілген журналист БАҚ қызметкері екенін және оған қол қойғанын растайды.

Референдум комиссиялары журналисті аккредиттеуден мына негіздер бойынша бас тартады:

- 1) тиісті құжаттарды ұсынбау;
- 2) бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды не бұқаралық ақпарат құралын шығаруды тоқтата тұру не тоқтату туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;
- 3) уәкілетті орган жүргізіп отыратын есепке қойылған мерзімді баспасөз басылымдарының, интернет-ресурстардың, ақпараттық агенттіктердің тізімінде (реестрінде) болмауы.

Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заң шеңберінде республиканың азаматтарына, қоғамдық бірлестіктеріне референдумға қойылған мәселе бойынша жиналыстарда, митингілерде, азаматтар жиындарында, бұқаралық ақпарат құралдарында өз пікірін білдіру құқығына кепілдік берілетінін атап өтті.

Үгіт жүргізу және оқыту

Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Нұргүл Мау-берлинова «2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдум алдында бұқаралық ақпарат құралдарында үгіт жүргізу, сондай-ақ ақпараттық кеңістікке мониторинг жүргізу туралы» баяндады.

Орталық референдум комиссиясының мүшесі Сабила Мұстафина комиссия мүшелерінің қарауына **«2022 жылғы 5 мау-**



сымға тағайындалған республикалық референдумға қатысушыларды оқытуды ұйымдастыру туралы» қаулы жобасын ұсынып, ол бірауыздан қабылданды.

Қаулы аясында каскадты оқытуды жүзеге асыру алгоритмі белгіленді. 4 маусымға дейін учаскелік референдум комиссияларының барлық мүшелеріне дәріс беріледі, оқуды дауыс беру күнін ұйымдастыру және өткізу бойынша жаппай тренингпен аяқтау көзделеді. Оқытуға мемлекеттік басқару академиясының өңірлік филиалдары тартылатын болады.

Сондай-ақ, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесіп, бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық бірлестіктер өкілдері үшін оқыту семинарлары өткізілетін болады.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанынан құрылған референдум комиссияларының мүшелері үшін онлайн-оқыту жеке бағыт болады.

Құжаттарды белгілеу және сақтау

Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу мәселелері жөнінде Орталық референдум комиссиясының екінші отырысында **жалпыхалықтық референдум құжаттарының нысандарын белгілеу және құжаттарды сақтау тәртібі туралы** Орталық референдум комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров баяндама жасады.

Өз баяндамасында ол республикалық референдум туралы Конституциялық заңның 21-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Орталық референдум комиссиясы дауыс беруге арналған бюллетеньдердің, азаматтар тізімдерінің, референдум өткізуге қажетті өзге де құжаттардың нысандары мен мәтіндерін, референдум құжаттарын сақтау тәртібін белгілейтінін атап өтті. Конституциялық заңның нормаларына сүйеніс отырып, Орталық референдум комиссиясының **«2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдум құжаттарының нысандарын белгілеу туралы»** қаулысы қабылданып, республикалық референдум өткізуге арналған 8 құжат нысаны бекітілді.

Нұрлан Әбдіров комиссиялар референдум өткізуді ұйымдастыру жөніндегі өз жұмысы туралы, дауыс беру учаскелерін құру, комиссиялардың құрамы, орналасқан жері мен жұмыс уақыты, референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімі туралы азаматтарға хабарланатынын айтты. Ал Орталық референдум комиссиясының мүшесі Анастасия Щегорцова Конституциялық заңның 21-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген өкілеттіктерге сәйкес Орталық референдум комиссиясы азаматтарды референдумға әзірлік барысы туралы хабардар ететінін атап өтті.

Осы норманы іске асыру үшін барлық отырыстар сурдоаударманы қамтамасыз ете отырып, Комиссияның интернет-ресурсы мен YouTube арнасы арқылы онлайн-режимде өтеді. Сондай-ақ, Telegram арнасы да жұмыс істейді.

Орталық референдум комиссиясының барлық іс-шараларына бұқаралық ақпарат құралдарының аккредиттелген өкілдерінің қатысуы қамтамасыз етілді. Әр отырыстан кейін күн тәртібі аясында журналистер үшін брифингтер өткізу қарастырылған.

Республикалық референдум өткізу кезінде азаматтардың дауыс беру уақыты мен орны туралы хабарлау жөніндегі учаскелік комиссиялардың жұмысы ағымдағы жылдың 25 мамырынан басталады. Дауыс беруге арналған орындарда көрнекі жерде міндетті түрде референдумға қойылған мәселенің мәтіні; «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы сияқты бірқатар ақпараттық материалдар ілінуі тиіс.

Сонымен қатар, Орталық референдум комиссиясы цифрландыру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп SMS-тарату мәселесін пысықтауда. SMS-хабарлама арқылы қазақстандықтарға республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімінде өзін-өзі тексеру ұсынылады.

Орталық референдум комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров ұсынған **«2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімімен жұмысты ұйымдастыру туралы»** қаулы бойынша республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдерін тиісті жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша тіркеу негізінде жасайды. Тұрғылықты жері деп тұрақты тіркеу орны түсініледі. Уақытша тіркелген азаматтар тізімге өздері берген өтініш негізінде ғана енгізілуі мүмкін. Аталған құқықты іске асыру үшін референдум өткізуді ұйымдастыру кезеңінде жергілікті атқарушы органдарға азаматтарды учаскедегі азаматтар тізіміне енгізу туралы хабардар ету үшін онлайн сервистер, Call-орталықтар, интернет-ресурстар ұйымдастыру ұсынылды.

Референдумның әрбір учаскесі бойынша республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдерін тиісті әкім дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын, яғни 15 мамырда акт бойынша референдум комиссиясына ұсынады.

Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған референдум учаскелері бойынша республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдерін дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда, яғни 20 мамырдан бастап тиісті комиссиялар азаматтарға танысу үшін ұсынады.

Азаматтарға тиісті учаскелік комиссиялардың үй-жайларында тізімдермен танысу, сондай-ақ оларға енгізілген өздері туралы деректердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Азаматтардың уақытша болу орындарында құрылған учаскелер бойынша республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың, ал республика бойынша мұндай 553 учаскенің тізімі дауыс берілетін күнге дейін бес күн бұрын танысу үшін ұсынылады.

Аталған демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде; шалғайдағы және қаты-

Қазақстандықтарды азаматтық жауапкершілік танытуға және республикалық референдумға қатысу құқықтарыңызды іске асыруға шақырамыз. Жаңа Қазақстанға барар жолда әркімнің дауысы маңызды!

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ТУРАЛЫ

АҚПАРАТ

5 МАУСЫМ 2022

ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ

насу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын жерлерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде; тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында; әскери бөлімдерде құрылған учаскелер. Бұл учаскелердегі азаматтардың тізімдері әскери бөлімдердің командирлері, аталған мекемелердің басшылары, тиісті әкімдер ұсынған деректер негізінде жасалады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының 51 шет мемлекеттегі өкілдіктері жанынан учаскелер құрылатын болады. Бұл учаскелерде тізімдерге белсенді құқығы бар, тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және республика азаматының жарамды паспорттары бар барлық азаматтар енгізіледі.

Орталық референдум комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров тұжырымдағандай, «жалпы, жергілікті атқарушы органдар референдум өткізілетін күні учаскеге келген азамат өзін тізімнен тауып, Конституция кепілдік берген өз құқығын кедергісіз іске асыруы үшін референдум комиссияларымен бірлесіп барлық шараларды қабылдауы тиіс».

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Әсет Тұрысов өз сөзінде республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімімен жұмыс жасауды ұйымдастыру жөнінде түсініктеме берді. Күн тәртібіндегі бұл мәселені қарау қорытындысы бойынша Нұрлан Әбдіров неғұрлым толық және дұрыс тізімдерді қалыптастыру жергілікті атқарушы органдардың функциясы ретінде ғана емес, әкімдердің, аумақтық референдум комиссияларының және әрбір азаматтың бірлескен міндеті ретінде де қаралуға тиіс екенін атап өтті.

Орталық референдум комиссиясының отырысында республикалық референдум өткізу кезінде дауыс беруге арналған бюллетеньдерді дайындаудың, дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктерін берудің және есепке алудың, мүгедек адамдарға жағдай жасаудың кейбір мәселелері де қаралып, арнайы қаулылар қабылданды. Дауыс беруге арналған бюллетеньдер қазақ тілінде және орыс тілінде, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жинақы тұратын халықтың көпшілігінің тілінде басылады.

Біліктілік семинары

Кеше Орталық референдум комиссиясының электораттық оқыту аясындағы бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары үшін арнайы дәріс ұйымдастырды. Ал бұған дейін Орталық референдум комиссиясы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесіп отырып, республикалық референдумға дайындық және оны өткізу мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне арналған оқыту семинарын өткізген болатын. Семинар спикерлері – Орталық референдум комиссиясы тарапынан ҚР ОРК Төрағасының орынбасары Константин Петров, ОРК мүшелері Сабила Мұстафина, Анастасия Щегорцова және Асылбек Смағұлов және жиында қатысқан Әділет вице-министрі Айгүл Мұқанова, Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Кәдіров, Бас прокурордың аға көмекшісі Азамат Сарғазин, ҚР АҚДМ Ақпарат комитеті төрағасының орынбасары Қаныбек Жұмашев 2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдум аясында өткізілетін шаралармен жан-жақты таныстырды.

Іс-шара барысында «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы, республикалық референдумды дайындау мен өткізу, қаржыландыру, үгіт, электораттық оқытуды ұйымдастыру, дауыс беруді байқау процесінің ерекшеліктері, сондай-ақ референдум туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік мәселелері бойынша түсініктемелер беріп, семинарға қатысушылардың сұрақтарына толыққанды жауап қайтарды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«ДАУЫС БЕРУГЕ ҚАТЫСУ

ҚҰҚЫҒЫМ БҰЗЫЛДЫ»

дегендер сотқа жүгіне алады

ҚР Бас прокурорының аға көмекшісі Азамат Сарғазин Орталық референдум комиссиясының жалпыхалықтық референдумға дайындық және оны өткізу мәселелері бойынша семинарда «Дауыс беруге қатысу құқығым бұзылды» деп есептеген азаматтар прокурорлар мен сотқа жүгіне алатынын айтты.

«Бұқаралық ақпарат құралдарындағы үгіт туралы айтсақ, анонимдік үгіт материалдарын таратуда, сондай-ақ референдумға 1 күн қалғанда және референдум өтетін күні үгіт жүргізуге тыйым салынады. Ол үшін де әкімшілік жауаптылық қарастырылған. Яғни Әкімшілік құқық бұзу туралы кодекстің 102 және 113-бабымен жауапқа тартылады», – деді спикер. Сондай-ақ, ол азаматтардың республикалық референдумға қатысу құқығы шектелсе немесе бұзылса, прокурорлар айрықша құзыретінің негізінде қылмыстық іс қозғай алатынын мәлімдеді. Азамат Сарғазиннің айтуынша, «бұл істерді соттар қарайды. Азаматтар мұндай кедергілерге тап болса, сотқа тікелей жүгіне де алады».

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: election.gov.kz)

#РЕФЕРЕНДУМ2022

Тізім жасақталып жатыр

ҚР Әділет вице-министрі Алма Мұқанова 5 маусымда өтетін референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімі жасақта-лып жатқанын мәлімдеді.

– Референдум – бұл Конституцияға өзгерістер енгізу қажеттігі бойынша бүкілхалықтық дауыс беру рәсімі. Аталған рәсім мемлекеттің неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдерді қабылдауға қатысты өткізілуі мүмкін. Конституцияның 91-бабына сәйкес оған түзетулер енгізудің 2 жолы бар. Бірі – республикалық референдум немесе Парламент арқылы. Президент бірінші жолды таңдады. Өйткені, дәл осы жол демократиялық институттардың дамуын көрсетеді. Референдумға кәмілет жасына толған барлық азамат қатыса алады. Бүгінде Орталық сайлау комиссиясы референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімін жасақтап жатыр, – деді Алма Мұқанова Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында.

16 млрд теңге бөлінеді

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 мамырдағы №888 Жарлығына сәйкес, 2022 жылғы 5 маусымда Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы республикалық референдум өтетіні белгілі.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне конституциялық реформаға орай жалпыұлттық референдум өткізуге қанша қаражат бөлінгенін мәлімдеді.

– Конституциялық референдум өткізуге республикалық бюджеттен 16 млрд 400 млн теңге бөлінеді. Орталық сайлау комиссиясы тиісті есеп-қисапты ұсынды. Бүгін Үкімет осыған байланысты Қаулы қабылдады. Қаржы республикалық бюджеттен, Үкімет резервінен бөлінеді, – деді Ерұлан Жамаубаев.

Бұған дейін Орталық референдум комиссиясы 18 жасқа толған және белсенді сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының азаматтарына үндеу жасаған еді. Онда қазақстандықтардың Конституциямызға түзетулер бойынша республикалық референдумға қатысуларына құқықтық негіз бар екені, осы ретте азаматтық жауапкершілік танытып, республикалық референдумға қатысу құқығын пайдалануға болатыны айтылған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Ардагерлер де қолдайды!

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі кеңейтілген төралқасының қатысушылары «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер енгізу бойынша референдумды қолдау жөніндегі Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің міндеттері туралы» мәселені талқылады. Қалалық және аудандық Ардагерлер кеңесінің мүшелері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ата Заңның кейбір баптарына өзгерістер енгізу жөніндегі республикалық референдум өткізу туралы бастамасын қолдау туралы шешімді бірауыздан қабылдады.

Мемлекет басшысы «референдумның басты мақсаты – Жаңа Қазақстанды құру» екенін атап өтті. Ол елдің әрбір азаматына еліміздің болашағын айқындайтын тарихи оқиғаға тікелей қатысуға мүмкіндік береді.

Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің Төралқасы 230 мың ардагердің атынан қазақстандықтар мен қала тұрғындарын алдағы референдумға қатысуға, елдегі демократиялық құбылыстардың дамуы мен Жаңа Қазақстан үшін құқықтық негіз болатын Конституцияға енгізілетін өзгерістерді қолдауға шақырды.

Ақан БИЖАНОВ, Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

– Халықтың алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып, референдум өткізу саяси дамудың келесі кезеңдеріне өтуді білдіреді. Ел тағдырын таңдайтын реформаға депутаттар ғана емес, бүкіл халық қатысуға тиіс. Конституцияның 30-дан астам бабына өзгеріс енгізу және 20-дан астам Заңды қабылдау ескерілді. Яғни елдің құқықтық жүйесінің басым көпшілігі өзгеріске ұшырайды. Халық оны толықтай түсініп, дауыс беруге тиіс. Себебі, мұның бәрі азаматтардың игілігі үшін жасалады.

Қазірдің өзінде қалалық және аудандық кеңес мүшелері арнайы штаб құрып, белсенді азаматтар халықтың алдына шығып, реформаның бағыттарын түсіндіріп, бірқатар жұмыстар атқарылуда. Бірақ біз кейбір конституционалдық мәселелерді айтуымыз керек.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ӨНЕР ӘЛЕМИ

АЛМАТЫДА ЖАҢА ТЕАТР

«ALMATY THEATRE» өнер ордасының салтанатты ашылу рәсімі өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Сөз жоқ, бұл оңтүстік астананың ғана емес, еліміздің мәдени тыныс-тіршілігіндегі айтулы құбылыс. Көп ұзамай, әлемдік балет жауһарлары, бірегей қойылымдар мен симфониялық оркестрдің концертті қала тұрғындары мен қонақтарының назарына ұсынылады.

лестіре білген Георгий Ковтун ұлттық нақыштағы қызықты хореографиялық туындыны жасап шығарды. Күрделі сценграфияны, әдемі, кең пішілген костюмдерді, тартымды декорацияларды, көз жауын алар жарық әсерлері мен көңіл тербетер көркем музыканы да атап өтпеске болмас. Кеш симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен өтті.

**Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Жаңа театрдың бой көтеруіне орай «Астана Балет» театры үздік қойылымдарын арқалап Алматыға жетті. Шығармашылық ұжымның гастроль шымылдығы театрдың симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен өтетін «Бір актілі балеттер кешімен» ашылды. Бірінші бөлімде П.Чайковскийдің музыкасына қойылған Дж.Баланчиннің «Серенада» балеті көрсетілді. Бұл балеттің алғашқы премьерасы 1934 жылы өтсе де, «Серенада» әлі күнге дейін «бидің музыкалық, бейнелік және эмоционалды үндестігінің шыңы» саналады. Сырт қарағанда қарапайым көрінгенімен, «Серенада» – техникалық, музыкалық және стильдік тұрғыдан өте күрделі би. Ғажайып, мәңгі өнерге біртабан жақындаған көрерменнің жүрегі елжіреп, толқи түседі. Мұны көзіқарақты көпшілік міндетті түрде көруі тиіс. Сондай-ақ, Дж.Баланчиннің балеті Дж.Баланчин қорымен ынтымақтастықта, хореографтың стилі мен техникасына сай қойылды.

«БАЛЕТТЕГІ ӘР БИ – КӨНЕ ТАРО»

Кештің екінші бөлімінде көрермен назарына Карина Абдуллинаның музыкасына Мукарам Авахри қойған, әлемде баламасы жоқ «Тағдыр бұлтарыстары» балеті ұсынылады. Балеттегі әр би – көне Таро карталар жүйесіндегі кейіпкерлерді бейнелейді. Мұнда жасырылған символиканың тамыры тереңде жатыр. Оның сыры тек көкірек көзі ояу жандарға ғана мәлім. Бұл – нағыз қазына. Мұнда ақиқат пен ұлы ілім жасырылған. Адам баласының өзін тану жолындағы бұралаң жолдарында олар парасат-пайым бұлағының көзін ашатын кілт іспетті. Бес ғасырдың жүзі болды, Таро мистикалық-аллегориялық символизмі талай тарихшы, суретші, ақындардың көңілін арбап, енді міне, хореографтар тарапынан да қызығушылықты көрсетіп отыр. Бұралаң жолдар мен тағдырдың бұлтарыстары әлемнің тұтас бейнесін құрап отыр: метафоралық бейнелер адамзаттың болмысын айғақтайды. «Тағдыр бұлтарыстары» – тұтас бір сахналық әрекетті құраған, қазіргі заман хореографиясының өрнегімен өрнектелген жиырма екі жеке-дара сюжеттен тұрады.

14-15 мамырда Ақтоты Райымқұлованың музыкасына Георгий Ковтун қойған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» романтикалық



балет-эпосы көрсетіледі. Бұл нағыз аңызға айналған махаббат дастаны. Өмбеге аян жырдың ұзын-ырғасында басты кейіпкерлердің өмір жолы, алдарында кездескен кедергілері баяндалады. Көркем бейнелері де оқырман жадында сақталып, гүл жарған махаббат сезімі мен оқиға соңындағы қасіретті тағдыр ешкімді бей-жай қалдырмасы анық. Эпос пәк сезім мен асыл махаббатты ту еткен басты кейіпкерлердің жанқиярлық әрекеттерін жырлайды.

Классикалық және заманауи балеттің үздік дәстүрін қазақ халық биінің өрнегімен, акробатикалық элементтермен ұй-

18 мамыр күні маэстро Арман Оразғалиевтің жетекшілігіндегі симфониялық оркестрдің «Алматыма арнау» атты концерті ұйымдастырылады.

Концерт барысында театрдың симфониялық оркестрінің музыканттары ғажайып музыкалық туындыларды орындап қана қоймай, ұлы композиторлардың бұған дейін беймәлім болған кемеңгерлік қырларын аша түсті. Бірінші бөлімде Евгений Брусиловскийдің «Дудар-ай» және Иоганнес Брамстың Скрипка мен оркестрге арналған концерті D-dur орындалады. Солист – халықаралық байқаулардың,

Тұңғыш Президент қорының лауреаты Қаламқас Жұмабаева. Екінші бөлімде – Людвиг ван Бетховеннің №7 симфония A-dur орындалады.

ЖЕҢІС АТАСЫ – БЕЙБАРЫС СҰЛТАН

21-22 мамырда Мукарам Авахри қойған «Бейбарыс сұлтан» балет-толғауы көрсетіледі. Тарихи тақырыпта балет қою жайлы ұсынысты «Балет пен ұлттық биді қолдау және дамыту қоры» жасап, «Самұрық-Қазына» АҚ демеушілік қолдау білдірген.

Қойылымда Мысыр мен Сирияның мәмлүк сұлтаны болған Бейбарыстың тағдыры көрсетіледі. Тағдырдың қалауымен бала туған үйінен жырақтап, жалдамалы жауынгер-мәмлүк болу үшін құл базарында сатылған. Әскери істе табысқа жеткен Бейбарыс уақыт өте келе әскерді ғана емес, бүкіл елді басқарған. Осылайша тарихтағы жаңа белесті бастаған.

Балетті қоюға Қазақстанның талантты өнер қайраткерлері атсалысқан. Мысалы, либреттоны ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бакыт Қайырбеков жазса, Хамит Шанғалиев пен Әлібек Әлпиев музыкамен әрледі. Қоюшы-хореограф Мукарам Авахри – ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Астана Балет» театрының бас балетмейстері. Қоюшы-хореографтың көмекшісі – Айжан Жүнісова. Сондай-ақ, қойылымға халықаралық жобаларымен танымал, шетелдік білікті мамандар сценарист және қоюшы-суретші Леонид Бассин пен костюмдер әрлеушісі Ася Соловьева атсалысқан.

«Көрермен қауыммен бірге «жеңіс ата-сы» аталып кеткен ұлы тұлғаны өмірінің соңында қандай ойлар мазалауы мүмкін деген қиялға шомбақшы болдық. Оның өмірі ғаламат оқиғаларға толы еді ғой, кресшілермен, моңғолдармен шайқасты. Бәлкім, бізге мәлім тарихи деректерден бөлек, бұдан да маңызды оқиғалар орын алған шығар. Мүмкін оны осы ойлар алаңдатқан болар», – дейді қоюшы-хореограф Мукарам Авахри.

ҒАЖАЙЫП МУЗЫКА, ҚАЙТАЛАНБАС КӨРКЕМ БЕЙНЕЛЕР

27-28 мамырда «HasSak» этно-фольклорлы ансамблінің сүйемелдеуімен өтетін «Ұлы Дала мұрасы» концерттік бағдарламасы көрсетіледі. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Айгүл Тәти мен Мукарам Авахри қойған хореографиялық миниатюралар – бай дәстүрімізді паш етіп, сұлулық пен әсемдікті тұғырына қондырады. «Ұлы Дала мұрасы» бағдарламасына енген хореографиялық миниатюралар мен балет үзінділерінің ұлттық бояуы қанық. Барлық композициялар ұлттық дәстүрге бай, сан қырлы әрі эмоциялық қуаты басым. Ғажап музыка мен қайталанбас көркемдік бейнелер жадыңызда мәңгі сақталып қалары анық. «Ұлы Дала мұрасы» бағдарламасы заманауи ұлттық балетті жарқын, екпінді дамып жатқан әрі бірегей құбылыс ретінде тануға мүмкіндік береді. Ғажайып музыка, қайталанбас көркем бейнелер мен сан түрлі пластикалық қимылдар көрерменнің көңілін тербеп, ешкімді бей-жай қалдыра қоймас дейміз.

«Біздің ұжым ара-тұра өзінің премьералары мен үздік қойылымдарын осында көрсетіп отырады. Театрдың балет труппасының өнер көрсетуі оңтүстік астананың мәдени тынысындағы айтулы құбылысқа айналатыны да жасырын емес. Астаналық ұжым көрермен ықыласына бөленіп, асыға күтетін шығармашылық ұжымдарының біріне айналды. Енді, міне, балет өнерімен қатар, симфониялық музыканың да асқақ үнін ұйып тыңдау мүмкіндігі туып отыр», – дейді «Астана Балет» театрының директоры Александр Совостьянов.

Гастроль Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен өткізіліп отыр.

Репертуарының алуан түрлілігі, орындаушылық деңгейі мен спектакльдердің сахналық безендірілуі арқасында «Астана Балет» театрының шығармашылығы елімізде ғана емес, дүние жүзінде де ерекше қошеметке ие болуда.

ҚЫЛҚАЛАМ



ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ ЕРЕКШЕ МӘНЕРДЕ

Алты қазақстандық суретші Қазақ хандығының билеушілерін аниме стилінде салды. Олардың әрқайсысы өздеріне ерекше әсер еткен ханды таңдаған. Коллаборация идеясын жүзеге асыру Мағира Тілеубердина мен Ақтоты Қанатованың ойына келген.



АККОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Аниме, мультфильм сияқты стилдері ұқсас суретшілерге коллаб жасап, тарихи тұлғаларды жас, заманауи стильде көрсетуге тырысты», – дейді суретші Мағира.

Суретшілер әр ханның тарихымен жеке танысып шыққан. «Абылай ханның шын аты – Әбілмансұр, ал әкемінің есімі – Мансұр. Оның заманында бұл өте сирек кездесетін есім болғандықтан, әрдайым Әбілмансұрдың үлгісінде бұл атаудың қазақ екенін дәлелдеген. Абылай ханды ерекше әдемі әрі күшті болған деп

елестетемін. Оның мінезін осылай жеткізгім келді», – деп түсіндірді Мағира Тілеубердина.



Ал Ақтоты Қанатова Қасым ханды таңдаған. Қасым хан – қазақтың мемлекет қайраткері, Жәнібек ханның ұлы. Оның тұсында Қазақ хандығы гүлденіп, Шығыс Дешті Қыпшақтың ұлан-ғайыр жерлеріне бақылау орнатты. Тағы бір өнерпаз, алматылық 19 жастағы Анелия Бекбасова қазір Чехияда білім алып жатыр. Ол Бөкей ханның суретін салған. Суретші Бөкей хан бейнесін стихиялы түрде таңдағанын атап өтті. «Мен біздің ұрпақ өнерді пайдалана отырып, ұлттық мәдениет пен тарихты тереңірек ашуға тырысып жатқанын мақтан тұтамын», – дейді Анелия.

Жобаға қазақстандық басқа өнерпаздар да қатысқан. Сонымен, режиссер-аниматор Салтанат Ерсултан Жәнібек ханның суретін салған.

«Коллаб туралы естігенде, бірден қазақ халқының тұңғыш ханы – Жәнібек хан туралы ойладым. Жоба маған қатты ұнады, соның арқасында тамаша суретшілермен танысып, достастым! Бұл мен үшін ерекше тәжірибе болды!», – дейді ол.

Суретші Айжан Жомартқызы Хақ-Назар ханды салған. «Хақ-Назар хан – Қасым ханның ұлы. Хақ-Назар есімі Қазақ хандығының ішкі жанжалдардан кейін қайта жандану кезеңімен байланысты, оның тұсында мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында өрлеу болды», – дейді Айжан.

Суретші Нұргүл Дәуітова Кенесары ханды аниме стилінде салған. «Мен қазақтың ең соңғы ханы Кенесарының суретін салдым. Ол қолбасшылығымен де елге етене танылған еді. Абылай ханның ержүрек немерелерінің бірі болды, Қазақ тарихнама-сында 1841 жылдан бастап қазақтың соңғы ханы болып сақталғанымен ерекше», – дейді суретші.

Авторлар негізгі міндет тарихты қайта еске түсіру және ол туралы заманауи стильде айту екенін атап өтті. Осылайша олар қазақстандық жастардың назарын тарихқа аудар-қысы келген.



ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



Көркем сөз – көңіл тілі
Жалаң сөз – зейін тілі.

«ПАТША ЗАМАНЫНДА ҰЛТТЫҢ АРЫН ЖОҚТАҒАН ЖАЛҒЫЗ АХМЕТ ЕДІ...»

«А.Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арамқулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып тілмаш болып, кейбір оқығандары арларын сатып ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды. Қалай болса да, жазушысы аз ғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу һәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай...». («Ақ жол», 4 февраль, 1923 жыл).

Сәкен СЕЙФУЛЛИН.

«ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ НЕГІЗІН ЖАСАП, ҚАЗАҚ МЕКТЕБІНІҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАҒАН...»

«Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам – Ахмет.

Сәбит МҰҚАНОВ.

«СОҢЫНАН ІЗ САЛҒАН ЖАҢАШЫЛ АҒАРТУШЫ»

«Ахмет Байтұрсынұлы – біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Соңынан із салған жаңашыл ағартушы. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының әліппісімен ашып, ана тілін Байтұрсынұлының «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді».

Рәбиға СЫЗДЫҚОВА.

«ТУҒАН ТІЛДІҢ, ТУҒАН МӘДЕНИЕТТІҢ БАСЫНДА ТҮРДЫ»

Сан салалы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы туған тілдің, туған мәдениеттің басында тұрды. Туған тілдің әдеби нормасын жасады. Бірде-бір бөгде тілдің сөзін қоспай, бірде-бір цитата келтірмей, таза, мөлдір тілмен өзі тапқан қисынды баламалармен «Әдебиет танытқышты» жазып шықты.

Сырбай МӘУЛЕНОВ.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АРУ АЛМАТЫ ГҮЛ БАҒЫНА АЙНАЛАДЫ



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Гүлмен әсемделетін аумақтың жалпы көлемі 159 мың шаршы метрді құрайды. Оның ішінде 26 мың шаршы метр жер көгалдандырылады.

Мамандардың айтуынша, қалада раушан, қызылкүрең, колабус, абба, лаванда, сәлбен, қазтамақ, гортензия және өзге де сәндік өсімдіктер отырғызылады. Жол жиектеріне біржылдық гүлдер егіліп, маусым ішінде гүлдеп болғаннан кейін келесі маусымда өсіп шығатын гүл бадандары қолданылады.

Мамандар баданалы өсімдіктермен қатар, көпжылдық және біржылдық гүлдер де егіледі деп отыр. Бүгінде көпжылдық өсімдіктердің үлесін арттыру бойынша жұмыстар кезеңмен жүргізілуде. Олардың қазіргі үлесі 17%, 2023 жылы 60%-ға жеткізу жоспарланған.

Мамандардың айтуынша, гүлдер климаттық жағдайларға, көлемі мен қалпына,



гүлзарлардың декоративтігіне қарай таңдалады. Биыл көпжылдық гүлдерді 15 мамырға дейін, біржылдық өсімдіктерді 10 маусымға дейін отырғызады. Ал баданалы

өсімдіктер қазан және қараша айларында егіледі.

Биыл суару жұмыстарын қала бойынша күшейту жоспарланған. Мемлекеттік-

жеке серіктестік аясында қаланы сәнді көгалдандыру жұмыстарына 400 маман мен 50 бірлік техника жұмылдырылып отыр.





ШҰҒЫЛ ОТА

АНАЛАР АМАН БОЛСЫН!



№7 қалалық клиникалық аурухананың нейрохирургтары жүкті әйелге омыртқааралық диск жарығын алып тастау операциясын сәтті жасады.

Пациент Әйгерім Көптілеуова жүктілік мерзімінің 24-25 аптасында Алматы қаласының №7 қалалық клиникалық ауруханасының қабылдау бөлімшесіне келгенде омыртқаның бел-сегізкөз аумағы қатты ауырып, аяғына салмақ түскенін айтқан. Әйел шұғыл түрде неврология бөліміне жатқызылған.

«Неврология бөлімшесінде пациент консервативті ем қабылдады: нәтиже болмады. МРТ аппаратында

тексеру нәтижесінде секвестрленген омыртқааралық диск жарығы анықталды. Пациентті аурухана бас дәрігерінің орынбасары, С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ нейрохирургия кафедрасының профессоры Марат Әлиев тексеріп, қарады. Оң аяқ аумағының қатты ауырсынуын анальгетик дәрілер баса алмады, оң аяғын баса алмауын және оған сүйене алмауын, жамбас ағзалары қызметінің бұзыла бастауын ескере отырып, операция

алдындағы дайындықтан кейін шұғыл түрде хирургиялық ем жүргізу туралы шешім қабылданды», — деп хабарлады №7 ҚКА-ның баспасөз қызметі.

№7 ҚКА-ның №1 нейрохирургиялық бөлімшесінің меңгерушісі Бақыт Ағлаковтың айтуынша, пациентке оң жақ L5-S1 диск жарығын, жүктіліктің үлкен мерзіміне және ішпен жатқызу мүмкін еместігіне байланысты бүйірден эндотрахеальді наркозбен жоларалық алып тастау операциясы жасалды. Операция жасау бригадасының құрамында Марат Амангелдіұлы, ассистент Виктор Караваев, анестезиолог Ғалымжан Марс және операция жасау бөлімінің мейірбикелері болды. Жүктілік мерзімі үлкен әйелдің омыртқааралық диск жарығын алып тастау операциясы кәсіби жоғары деңгейде жасалды.

«Қазіргі уақытта пациенттің жағдайы қанағаттанарлық, өзін жақсы сезінеді, жүктілігі қалыпты өтуде, мерзімге сәйкес келеді. Ол аяғынан тұрды, өздігінен жүреді, оң аяғындағы ауырсыну белгілері толығымен басылды. Ауруханадан шығуға дайындалуда», — деді Бақыт Ағлаков.

Айта кету керек, бұл операция ана үшін де, құрсақтағы бала үшін де өте қауіпті болған. Жүктілік кезінде мұндай жағдайларды болдырмау үшін мамандар жүктілікті жоспарлап отырған әйелдерге өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды ұсынады.

«Омыртқаның ауруы, остеохондроз және жарыққа күдік болған жағдайда жүктілікті кейінге қалдырыңыз және негізгі ауруды емдеңіз. Өзіңізді күтіңіз және жүктілікті жоспарлаңыз!», — деген кеңес береді №7 қалалық клиникалық аурухананың дәрігерлері.

АЛҒЫС

АДАМ
ЖАНЫНЫҢ
ЖАНАШЫРЫ

Денсаулық – зор байлық. Адам жанының жанашыры – дәрігер. Сондықтан ақ халатты абзал жандарға деген құрмет жоғары болуы тиіс. Дәрігер еңбегінің арқасында талай ауырған адамдар қатарға қосылады.

Дәрігер мамандығының өзіне тән бірқатар қиыншылықтары болғанымен, қуанышты сәттері одан да көп. Дәрігердің тынымсыз еңбегінің арқасында ауруынан айыққан жандар алғысын айтып, жылы лебізін білдіреді. Бұл – дәрігер еңбегінің еленгені деп білемін.

Осы орайды қаламыздың бас газеті «Алматы акшамы» басылымы арқылы дәрігерлер мен мейірбикелердің қажырлы еңбегін айта кеткенді жөн көрдім. Мен Алматы қаласындағы №5 құлақ-мұрын ауруханасының №1 бөлімшесіне жатып, ота жасаттым. Осы орайда №1 құлақ-мұрын бөлімінің ұжымына алғыс айтамын. Өйткені, олар әр емделушіге өте үлкен жауапкершілікпен, өз жұмыстарына жоғары ұқыптылықпен қарайды. Мұнда келіп түскенде дәрігерлердің шынайы жарқын жүздерін, кішіпейілдігін көріп, қатты риза болдым. «Жылы сөз адамға қуат береді» дегендей, әр айтқан сөзі жаныңды жадыратып, бойыңда бір күш-қуат пайда болып, өмірге деген құлшынысың артады екен.

Осы ретте дәрігер жұмысының жоғары кәсібилігін, өз қызметіне деген махаббатын атап өткім келеді.

Бүгінде қаншама науқасқа ота жасап, аяққа тұруына сеп болып жүрген хирург-дәрігерлеріміз – Құрбан Саматұлы мен Жақсылық Тұрғаналыұлына үлкен алғысымды білдіргім келеді. Және осы мекемеде ұзақ жыл қызмет етіп келе жатқан мейірбике Гүлшат Махмұтқызының ұқыптылығы мен жылы сөзі және емделушіге деген ыстық ықыластарының өзі дертке дауа деп есептеймін. Сонымен бірге, осы аурухананың тазалығына күн-түн демей, дамылсыз еңбек етіп жүрген Нұргүл Назарбекқызына шексіз рахмет.

Ендіше, ақ халаттыларға деген құрметіміз биік болсын. Сіздердің жүректеріңізден мейірім оты сөнбесін!

Кенже НЕСІПБАЙҚЫЗЫ.

ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

«QOLDAY»
ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

Шаһарда жеке тіс емдеу клиникасы бар Аягүл Амирова медицина саласында 30 жылдан астам уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Ол өзінің алғашқы стоматологиялық кабинетінің жұмысын 1999 жылы шағын бөлмеде бастаған болатын.

Уақыт өте келе, қажырлы еңбектің арқасында сол ұядай кабинет жалпы ауданы 130 шаршы метр болатын толыққанды клиникаға айналып шыға келді. Бүгінде клиникада 12 қызметкер жұмыс істейді. Клиника ай сайын шамамен 300 пациентке қызмет көрсетсе, олардың тең жартысы МӘМС шеңберінде қызмет алатын көрінеді.

Кәсібін сұранысқа сай одан әрі кеңейту үшін А.Амирова жуырда «Almaty Business» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген несиеге қол жеткізді.

— Әуелі «Qolday» кәсіпкерлік орталығының мамандарынан кеңес алып, мемлекеттік бағдарлама бойынша жылдық 7%-бен 70 млн теңге көлемінде қарыз алу үшін құжаттар тапсырдым. Бұл қаражат стоматологиялық клиниканың жаңа, кең бөлмесін сатып алу үшін қажет болды. Несие беру шарттары мені толығымен қанағаттандырады, бұл – бизнеске арналған сыйақы мәлішерлемесі. Мен тіпті бәрі осылай тез болады деп күтпеген едім. Өйткені, осыдан бірнеше жыл бұрын мемлекеттік бағдарлама бойынша жеңілдетілген несие алу өте қиын болатын. Ал қазір жағдай әлдеқайда жеңілдетілді, — дейді Аягүл Ғалымжанқызы.

Кәсіпкер мемлекет берген қаржыны барынша тиімді пайдалануды, дәлірек айтсақ, жетілдірілген, соның ішінде протездеу және үлгілеу саласындағы технологияларды пайдалана отырып, цифрлық стоматологияны енгізуді жоспарлап отыр. Алматыда мұндай бағдарламаларға әзірге санаулы ғана стоматологиялық клиникалар ие. Ал бүгінгі таңда цифрлық стоматологияға деген сұраныс жылдан-жылға артып келеді.

МӘМС

ЖҮРЕКТІ САҚТАУ КЕРЕК

Орталық қалалық клиникалық ауруханада тұңғыш рет пациент жүрегіне кардиостимулятор орнатты. Бұл туралы аурухананың баспасөз қызметі хабарлады.

Ота Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде жасалған. Хабарламаға сүйенсек, тексеру барысында науқастың жүрек-қан тамыры жүйесінен ақау табылып, атриовентрикулярлы (АВ) блокада анықталған. Бөлім меңгерушісі, интервенциондық кардиолог Ержан Құттығожиннің айтуынша, аталмыш патология көбіне қарт кісілерде жиі кездеседі. Пациенттің өмірін сақтап қалу үшін шұғыл ота жасап, қан айналымын реттеу қажет болды.

«Жүрекке 2 камералы электрокардиостимулятор имплант орнатылды. Операция кезінде электродтар орнатылып электрокардиостимуляторға қостық. Ота сәтті өтті», — дейді аритмолог-дәрігер Ғани Төлепбергенов.

Қазір науқастың жағдайы бірқалыпты. Аталмыш операция ОККА жағдайында алғаш рет, осыдан бір ай бұрын ашылған Интервенциялық кардиология бөлімшесінде жасалған.

АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

ТАҢҒЫ АСҚА НЕ
ЖЕУГЕ БОЛМАЙДЫ?

Таңғы ас ағза үшін өте маңызды. Өйткені, ол адамға қуат береді және денені пайдалы заттармен қоректендіреді. Сондай-ақ, таңғы астың тойымды болуы өте маңызды. Бірақ таңертеңгілік уақытта жеуге болмайтын өнімдер де бар.

Егер сіз бүгінгі күнінзді дайын дәмді дақылдардан бастасаңыз, онда ағзаңыз сізге «алғыс» айтпайды. Біріншіден, барлық қауыз қант қосылған тазартылған ұннан жасалады. Онда диеталық талшық пен ақуыз жоқ. Екіншіден, мұндай таңғы астан кейін тез ашығасыз. Одан да сұлыны пайдаланған жөн дейді мамандар.

Таңғы асқа шұжық жеп жатамыз, бұл да дұрыс емес екен. Біріншіден, олар сапасыз тартылған еттен жасалады және оларға көптеген май, дәмдеуіштер,

хош иістендіргіштер қосылады. Көбінесе оларда май мен натрий өте жоғары. Натрий қан қысымын жоғарылатады, ал майлар – зиянды холестерин. Сондықтан шұжық орнына жұмыртқа мен табиғи йогурттар жеген абзал.

Ақ бидай нанын жиі тұтынамыз. Мұндай нанның тағамдық құндылығы өте аз, яғни ұнды тазарту нанды барлық пайдалы заттардан айырады. Ал мұндай нан денсаулыққа зиян тигізуі мүмкін. Нақтырақ айтсақ, қандағы қантты өзгеріске ұшыратады. Сондықтан оның

орнына тұтас дәмді нан, жұмыртқа және көкөністер жеген абзал.

Дайын жеміс шырындары да аса пайдалы емес. Өндіріс барысында мұндай шырындар талшықты және көптеген пайдалы қасиеттерін жоғалтады. Және ол қант пен калорияға толы. Олар тез салмақ қостырады.

Адам шалдығатын аурулардың 70 пайызы астан екенін ескерсек, дұрыс тамақтануға да көңіл бөлген жөн.

**Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.**





ЕСКЕ АЛУ

Алаштың ардақты да, аяулы қызы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаздардың ұстазы болған Шәмша Көпбайқызы Беркімбаеваның өмірден озғанына да қырық күннің жүзі болыпты. «Мен – қазақтың қызымын» деген сөзді бүкіл саналы ғұмырында асқақ абыроймен алып жүрген абзал жанның сол мәртебеге лайық бекзаттық болмыс бейнесі енді ел есінде сол таза да тәкаппар тұғырында қалары хақ. Өйткені, ол ғибратқа толы ғұмырын қазақ халқының тарихын, мәдениетін, әдебиетін, ұлттық құндылықтарын тану мен танытуға арнаған сирек тұлғаның бірі.



«МЕН – ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЗЫМЫН»

Шәмша Көпбайқызының бекзаттық болмыс бейнесі ел есінде

Мұхтар Әуезовтің «Ел болам десең – бесігінді түзе» деген даналығын дәріптеген ұлағатты ұстаз, елінің ертеңін ойлап ергелі-кеш мазасыз күй кешкен үлкен парасат иесі Шәмша Көпбайқызы ұлттық құндылықтардың қадірін ұғындырып, елді сақтайтын салт-дәстүрді, тәлім-тәрбиені танып өскен ұрпаққа ғана үлкен үміт артқан. Білімнен бұрын тәлімге ұмтылуымыз керектігі, ал сол үшін ұрпақты өмірге әкеліп тәрбиелейтін аналардың білімін көтеру, олардың бойына бала жастан ұлттық рухты сіңіру керектігі өмірінің соңына дейін қайталап айтудан жалықпаған табиғатынан тәлімгер, кәсіби мамандығына адал Шәмша Көпбайқызының ұстаздық ұстанымы болғаны белгілі.

ШӘМШАНЫҢ ЕРЛІГІ

Өмір бойғы қызметі жас ұрпақты тәрбиелеумен тікелей байланысты болған қазақтың қайраткер қызы Ш.Беркімбаева «Мәңгілікті ойласаң, адам тәрбиеле» деген халық даналығына сүйеніп, ұлт пен ұрпақ тәрбиесіне, олардың келешегіне адал қызмет етуді басты мұрат тұтты.

Кезінде «Ауыл мектебі» деген бағдарламаны қолға алып, «ауылдың жағдайын жақсартпай, қазақты көтере алмаймыз», – деп ұсыныс жасаған ұлтжанды ұстаз қазақ мектебінің, әсіресе, шалғай елді мекендердегі шағын мектептердің мүшкіл жағдайын жақсарту жолында табанды еңбек етіп, мемлекеттің назарын аудартқаны, ол қазақтың деген әрбір жанның жүрегін жылытып, мерейін өсіргені әлі де ел есінде. Үш жылға арналған «Ауыл мектебі» бағдарламасы тұңғыш рет Үкімет деңгейінде қабылданып, сол жылдары ауылдық жерлерде 226 мектеп салынып, көптеген мектептер күрделі жөндеуден өтіп, химия, физика, т.б. секілді пәндік кабинеттер өмірге келуі ел мәртебесін көтеріп, қараусыз қалған қазақ мектептерінің тағдырын түбірінен өзгертіп, сөніп бара жатқан сенімін оятқаны жасырын емес. Ертеңгі елдің тізгінін ұстар ауыл балаларының біліміне, болашағына игі әсер еткен бағалы бастаманың басы-қасында жүретін көрнекті ұстаз, ұлттық тәрбиенің уызына қанық Шәмша Көпбайқызы кейін түрлі

қоғамдық, мемлекеттік қызметтерде жүргенде де, аудан, облыс басқарған кездерде де қазақ ауылы мен ондағы мектеп мәселесін бір мезет те назарынан тыс қалдырған емес.

Оған күні кеше Шәмша Көпбайқызын мәңгілік сапарға шығарып салған қаралы митингте сөз сөйлеген Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің ол кісімен бір кездескенінде ұстаздар мәртебесін көтеру жөніндегі аманатты өзіне жазбаша түрде тапсырғаны, соның нәтижесінде бірнеше рет арнаулы мәселелер қаралып, соңғы жылдары мұғалімдердің жалақылары мен жағдайларының көтерілгені жөніндегі әңгімесі сол жердегі бүкіл халықты қатты толқытып кеткенін ешкім ұмыта қоймас. Ол бүгінгі білім беру жүйесіндегі, тіпті ұлт тарихындағы ұмытылмас аманат. Қазақта «аманатқа қиянат жасалмасы» тағы ақиқат. Мұны Шәмша Көпбайқызының тағы бір рухани ерлігі деуге болады. Адамның өзі мың жасамасы ақиқат, алайда оның артында қалған осындай ұлтқа пайдалы, жұртқа жағымды жақсы істері мәңгілік ұмытылмасы тағы аян.

1986 жылғы Желтоқсанда қазақ зиялыларына келген тағы бір саяси қырғынның қақ ортасында жүріп, «Мен – қазақтың қызымын» деген қағидасына қасықтай да қара дақ жұқтырмай, өз деңгейіндегі биікте жүріп, қай қиындыққа да қайсарлықпен қарсылық танытқан ұлтжанды ұстаз, қазақтың батыр қызы Шәмша Көпбайқызының ерлігін баяндау бір мақала өлшеміне сыймайтын саф таза адалдықтың, өрліктің үздік үлгісі. Ол жөнінде «Шәмша апайдың 4 ерлігі» деген мақаламызда кеңінен баяндағандықтан, қайталап жатпадық. «Қонаевтың, Асқаровтың кадры» деген сылтаумен саяси репрессияға ұшыраған қазақтың қайраткер қызы Алматы облыстық партия комитетінің идеологиялық хатшысы қызметінен кетіп, қаладағы №12 қазақ орта мектебіне директор болып, ұрпақ тәрбиесін қолға алуы да тарихтың бір сыны еді. Қай салада жүрсе де, өз ұстанымынан айнымаған Ш.Беркімбаеваның кәсіби мамандығына деген адалдығы тағы да үлкен абыройға көтеріп, министрің орынбасары, одан кейін сенаторлық қыз-

мет, оның соңы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне министр болу секілді биіктерге көтергені мәлім. Әрине, бұл кездейсоқ келген бақ емес, ұлт пен ұрпақ тәрбиесіне сіңірген жанкешті еңбегінің жемісі еді.

Ал қазақтың Қыздар педагогикалық институтына ректор болып келген жылдары оның ұлттық білім жүйесінің шын жанашыры, кәсіби біліктігі жоғары, тәжірибесі мол нағыз ұлтжанды маман екендігін жаңа бір қырынан танытты. Ұлттық дәстүрге сәйкес инабатты, білімді педагогтар тәрбиелейтін республикадағы ғана емес, Орталық Азия мен ТМД аймағындағы қыздарға арналған жалғыз жоғары оқу орнында ұзақ жылдар еңбек еткен Ш.Беркімбаева ауылдық мектептерден келген және сол ауылдық мектептерге педагог-маман болып баратын қыздарға туған анасындай шынайы сезіммен қамқорлық көрсетуінің өзі бір өнегелі мектеп, тағылымды тарих.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ ЗОР ҮЛЕС ҚОСҚАН ТҮЛҒА

Бүгінгі ұрпақ пен ұлт келешегіне, адамзат білімі мен тәрбиесіне зор үлес қосқан қыздар педагогикалық университетінің ерекшелігі мен мақсаты еліміздің ертеңіне жасалып отырған қамқорлық екендігін жақсы сезінген Ш.Беркімбаева әр жылдары әлдекімдердің: «Қыздар институты жүктеген міндетін орындады, енді оны Абай атындағы педагогикалық институтына қосу керек», «Қыздар институты қажет пе?» деген алыпқашпа әңгімелеріне тасқамал қойып, керісінше бұл институтқа «Университет» деген статус алып, республикамыздағы жоғары оқу орындарының бірде-бірінде болмаған 9 қабатты 450 орынды «Студенттер үйінің» салынуына себепкер болуы тағы бір рухани ерлігі демеске амалымыз жоқ. Бір ананы тәрбиелеу арқылы бүтін бір ұлтты тәрбиелейтін білім ордасының ұрпақ пен ұлт тәрбиесіндегі тағылымының өзінде бір рухани заңдылық бар сыңайлы.

«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» екендігін әрдайым есте ұстап, ұлылардың ұлағатты сөздерін өзіне өнеге еткен қазақтың қайраткер қызы, көрнекті ұстаз Шәмша Көп-

байқызы Беркімбаева да болмысы бөлек, атқарар міндеті ерекше білім ордасының бүгінгі ұлттық білім беру жүйесіндегі тарихи орнының орнықты болуына және оның уақыт талабына сай жаңғыртылып, жан-жақты дамуына зор үлес қосқан басшының бірі бола білді.

«Білімді ұлт – болашақты ұлт» деген ұстанымына өмірінің соңына дейін адал болған Ш.Беркімбаева бір сұхбатында: «Жастық шақ – бұл тамаша нәрсе: оны рәсуа ету – қылмыс» деген екен Бернард Шоу. Мүмкін менің бүгінгі жеткен биігім сол жастық шағымда тынбай ізденудің нәтижесінде жеткен жетістіктерімнің жемісі болар. Мен студенттермен кездескен сайын Бернард Шоудың әлгі сөзін санаға сіңе берсін деген ниетпен үнемі қайталап айтып отырамын. «Көктемде егін егілмесе күзде жиын болмайды. Жас кезде оқып білім алмасаң, қартайғанда жинар жемісің болмайды. Студенттік кезеңге берілген төрт жылың сенің өмір бойғы жейтін рухани азығың. Сондықтан өмірлеріңді бос өткізіп қор қылмандар», – деп аналық тілегімді де үнемі айтып отырамын. Әсіресе, бүкіл ұрпақтың, ұлттың, келешектің тағдырына жауап беретін қыздарға мен үнемі жаны мен тәні де теңдей сұлу болсын деген тілекті айтамын», – депті. Расында да, бұл сөзді студенттермен әрбір кездесуінде айтатынына куәгер едік.

Осы жоғары оқу орнында қызмет атқарған жылдары университетте 700-ге жуық оқытушы, оның ішінде ҚР ҰҒА-ның 3-академигі, 70-ке жуық ғылым докторы, профессорлар, 300-ге жуық ғылым кандидаты қызмет етіп, оқытушылардың 42-сі кандидаттық, 22-сі докторлық диссертация қорғағаны, ұлттық кадрды өсіру мен оларды қазақ қыздарынан калыптастыру жағына ерекше көңіл бөлуі Шәмша апайдың зор шапағатының нәтижесі екендігін ескерген жөн. Оқытушылардың бүгінгі бәсекеге бейім, заман талабына сай болуы үшін әр жылы 131 профессор-оқытушыны университет қаржысы есебінен біліктілікті арттыру курстарына жіберуді дәстүрге айналдыруы да ұлт пен ұрпақ тәрбиесіне деген орасан қамқорлығының, шын жанашырлық еңбегінің жемісі-тін.

ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ – ҚАСИЕТТІ МІНЕЗ

Әрбір ғылыми кадр үшін күресіп, олардың орнықты жұмыс істеуіне жағдай жасап, университеттің ғылыми әлеуетінің өлшеусіз өсуіне өзіндік үлес қосуы, сөз жоқ, ғылыми кадрларды шөміштеп болмаса да қасықтап жинаудың жолға қойылғанын көрсетер деректер. Бұрындары кафедра, факультет басшылығына ғылым докторларын сырттан шақырып тағайындап жатса, Ш.Беркімбаева кезінде бүкіл кадрлары өз ішінен шығып, ондай мұқтаж-дықтан арылды. Бұл да көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз Ш.К.Беркімбаеваның ұзақ жылдардағы жанкешті әрі табанды еңбегінің жемісі болса керек.

Ш.К.Беркімбаева «Мен – қазақтың қызымын» деген кітабының алғы сөзінде өзі туралы қарапайым ғана: «Мен қазір өткен өмірім туралы ойланатын жасқа келіппін. Алланың жазуы шығар, бір әйелге аздық етпейтін қызметтер атқарыппын. Тіпті, ірі-ірі лауазымды қызметтер де бұйырыпты» депті. Қарапайымдылық қашан да қасиетті мінез ғой. Алайда, осыншама лауазым иесі бола тұра, бір кісінің ала жібін аттамай, өз ісі мен кәсібіне адал болу, тапсырылған қызметке жауапты болу, оны жанкештілікпен атқару кез келген басының қолынан келе бермейтіні де мәлім.

Ұлт ұстаздарының мәртебесін көтеруді ұрпағына аманаттап, өзінің адами қасиетін, кісілік келбетін мәңгілік мүсіндеп кеткен қазақтың қайраткер қызының есімі мәңгі ел есінде болуы үшін өмірінің соңғы жылдары еңбек еткен, өзі түлегі әрі ректоры болған Қыздар педагогикалық университетінен арнайы кабинеттер ашылып, мұрасы мекен тапса, түрлі салада өзі табанды еңбек еткен Алматы қаласынан бір көшеге есімі берілсе, нұр үстіне нұр болар еді. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген халық даналығы тегін айтылмаса керек-ті.

Гүлзия ПІРӘЛІ,
«Әуезов үйі» ҒМО-ның
бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымының докторы.



ДЗЮДО

Алматыда Азия кубогы өтеді

13–15 мамыр күндері Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында Бекет Махмұтовты еске алуға арналған дзюдодан жасөспірімдер мен жастар арасында Азия кубогы өтеді



Ұлттық Олимпиадалық комитеттің мәліметінше, Азия кубогына 2005-2006 жылдары туған жасөспірім, 2002-2004 жылдары туған жас дзюдошылар қатысады.

Аталған құрлықтық бәсекеде Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан және АҚШ құрамаларынан 700-ден астам спортшы бақ сынайды.

Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) күнтізбесіне сәйкес, Азия кубогы Қазақстанда осымен бесінші рет ұйымдастырылады. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне IJF ережесіне сәйкес әлемдік рейтингте ұпай қосылады. Жарыс жеңімпаздарына 100 ұпайдан берілсе, күміс жүлдегерге – 60, қола жүлдегерге – 40 ұпайдан беріледі.

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

Балуандар қуантуда

Өздеріңіз білетіндей, Оңтүстік Америка құрлығында Сурдлимпиададан сайыстар өтуде. Бразилиядағы байрақты бәсекеде спортшыларымыз әжептәуір көрсеткіштер көрсетуде. Осы жолы да қанжығамыз майланып, 4 медаль иелендік.

Жарыс күндері сәтті болуда. Грек-рим күресінен өткен белдесуде Қайратхан Шонкудың асқан шеберлігіне тәнті болдық. 130 кило салмақта күш сынасқан қандасымыз қарсы келгендердің барлығын қоғадай жапырып, финалда ол түркиялық Мехмет Юсалдымен айкасты. Бұл тартыс Қайратханның айқын жеңісімен аяқталды.

97 келі салмақта күрескен Асылан Тәжиевтің де жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілуге жақсы мүмкіндігі болды. Алайда, шешуші тұста жеңіліс тапқан ол күміс медальді мойнына ілді. Ал Алдияр Балташев (60 келі) пен Нұржан Асан (77 келі) белдесулерін қола жүлдемен қорытындылады.



БОКС



Назым айл原因 асыра алмады

Қазақстандық боксшы Назым Қызайбай әлем чемпионатында жеңіліп қалды. Жеңіске біртабан жақын қалғанда, оған да сәттілік жетіспеді.

Бірақ алда үлкен жарыстар күтіп тұр. Әлемдік біріншіліктерде топ жарады деген ойдамыз.

Қазақстан сапынан 50 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Назым Қызайбай шаршы алаңға шықты. Колумбия спортшысы Ингрид Лорена Валенсиямен кездесті. Алайда, кездесу 3:2 есебімен Назым Қызайбайдың қарсыласының еншісіне шешілді.

Еске сала кетсек, бұл күндері Ыстамбұлда әйелдер боксынан әлем чемпионаты өтіп жатыр. Аталған бәсеке 20 мамырға дейін жалғасады.

Сәттілік жетпеді

Бокстан Қазақстан әйелдер құрамасының капитаны Дариға Шәкімова әлем чемпионатын сәтсіз аяқтады.

66 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде шаршы алаңға шыққан отандасымыз әлем чемпионатының бірінші айналымында жеңіліс тапты. Өзбекстандық Навбахор Хамидовамен жұдырықтасқан ол төрешілер шешімімен қарсыласына жол берді.

Айта кетсек, бұл күндері Ыстамбұлда бокстан әйелдер арасында Қазақстан чемпионаты өтіп жатыр. Дариға Шәкімова әлем біріншілігін сәтсіз аяқтаған бесінші қазақстандық спортшы.

Әлем чемпионаты 20 мамырға дейін жалғасады. Дариғадан әлі талай жеңісті сәттерді күтеміз.



Теннисшіміз екінші айналымға шықты




Еліміздің бірінші, әлемнің 17-ракеткасы Елена Рыбакина Рим WTA 1000 турнирінің екінші айналымына өтті.

Қазақстандық теннисші алғашқы айналымда іріктеу сайыстары жеңімпаздарының бірі, ресейлік Элина

Аванесянмен шеберлік ойынын өткізді. Бірінші партияда есеп 4:4 болған мезетте Рыбакина төртінші брейкке қол жеткізіп, сосын өз геймін де алды – 6:4. Екінші сетте есеп 5:3 болған кезде доп берген Аванесян өз мүмкіндігін пайдалана алмады. Бұдан кейін қатарынан үш геймді алған Елена матчқа доп берген сәтті мүлт жіберді – 6:6. Дегенмен, тай-брейкте Елена қарсыласына бірде-бір ұпай берген жоқ – 7:6 (7:0). Бір сағат 50 минутқа созылған матч барысында қазақстандық спортшы 2 эйспен бірге 10 брейкпойнттың алтауын пайдаланды. Қарсыласы 5 брейкпен (11 брейк-пойнт) ерекшеленді.

Рыбакина жүлде қоры 2,5 млн еуродан асатын жарыстың үшінші айналымына шығу үшін рейтингте 102-сатыдағы америкалық Лорен Дэвиспен таласады. Негізгі турнирге іріктеу сайыстарынан қосылған Дэвис алғашқы айналымда әлемнің 13-ракеткасы, 2017 жылғы Ролан Гаррос додасының жеңімпазы, латвиялық Елена Остапенконы 6:2, 6:3 есебімен жолдан тайдырды.

ТАЭКВОНДО



БІЗДІҢ ҚАЙСАР ҚЫЗ

Көшпелілердің ғұмыры шежіреге толы. Соның ішінде ерлермен нық тірестіріп, ел ісіне араласқан батыр апаларымыз аз болмаған.

Бұған сан мыңдаған жылдан жалғасып келе жатқан тарихи қатпарлы іздер куә.

Соңғы уақытта нәзік жандыларымыз спортқа көптеп қатынаса бастады. Олар байрақты бәсекеде ел намысын асқататын та жүр. Сондай жаның бірі, дзюдошы – Жансель Дениз.

Шетелдегі күндер

Халқымыз «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деп тәмсілдейді. Өте ғажап айттылған сөз.

Көбі оның аты-жөніне қарап түркиялық деп ойлайтыны анық. Негізі, олай емес. Айбынды аруымыз Степногор қаласының тумасы. Шын есімі – Жансәуле. Отбасылық жағдайына байланысты 6 жасында Түрік еліне қоныс аударады. Анасы сол жақтың волейбол командасында дәрігер қызметін атқарады. Сонда жүріп ол таэквондодан Еуропа чемпионатына қатынасады. Бірнеше дүркін жүлделерді де еншілейді. Қазақстанның шақыруымен Отанына оралады. Бұл туралы төменде егжей-тегжейлі баяндайтын боламыз.

Әр адамның өмірінде айрықша әсер ететін адамдар болады. Біреуге жаттықтырушысы, ендігіге досы, тағы сол сияқты. Ал біздің Жансәулеге анасының ақылы жігер бергенге ұқсайды. Өзінің естелік

терінде анасының Кеңестік кезеңде спортшы болғанын және әжептәуір нәтижелерге қол жеткізгенін айтады. Сөйтіп, өз қызының да спортқа барғанын қалайды, үйірмелерге қатынастырады.

«Бір кездері теледидардан Олимпиадалық ойындарды көрдім. Иштей қатты қызықтым. Маған осындай үлкен біріншілікте медальдарды ұтып жатқаны ерекше әсер берді. Мен де солармен сайысым келді. Бірақ қандай спортпен айналысамын, қандай жаттығу залдарына барамын, ол жағын аса толғанбадым. Бір жағынан, анам да көптеген спорт түрлерін айтты. Баскетбол, теннис, жүзуге бардым. Біршама уақыт айналысып көрдім. Таэквондоға қатыспай тұрып, волейболмен де айналыстым. Спорттың осы түрімен шұғылдану жаныма жақты. Ойымдағы әлгі Олимпиада жүлдегері боламын деген ой еселене түсті», – дейді Жансәуле.

Бетбұрыс

Әр адамның ғұмыр жолында үлкен өзгерістер орын алады. Максим Горький «денесін жаттықтыру арқылы адам дені сау, төзімді, епті болмақ, өз ақыл-ойыңды, өз еркінді осылай шыңдау қажет» депті. Осы сөздің қадірін өмірін жаңа арнаға күрт бұрғандар ұғары анық.

Біздің кейіпкеріміз Жансәуле жақсы түсінеді. Ол да спорттың түрлі салаларымен айналысып көрді. Арасынан өзіне керекін іздеді. Соның нәтижесін 19 жасқа келгенде сезінді. Күтпеген жерден таэквондодан жаттықтыратын бапкер оның қабілет-қарымын байқап, шақырады. Қайсар қыз бар күш-жігерін бойына жинап, барынша жаттығуға тырысады. Секцияларды жібермеуге, өзіне берілген тапсырмаларды тыңғылықты орындауға машығады. Дене кимылы мен шығыстық жекпе-жек өнерінің қыр-сырын үйренеді. Оған бұған дейін спорттан қол үзбегендігі септеседі. Қанша дегенмен спорт адамға пайда әкелетіні айқын. Тек ережені сақтап жаттықсаңыз болғаны.

Жетістік



Жансәуле 2014 жылы Қазақстан таэквондо құрамасының атынан жарысқа шыға бастайды. Алғашқы үздік жетістіктер осы кезде байқала бастаған еді.

Дәлірек:

■ 2016 жылы Азия ойындарының күміс жүлдесін ұтады. Бұл – елімізге келгелі иеленген үшінші жүлдесі болатын.

■ Осы жылы Риодағы Олимпиадаға қатысады. Сөйтіп, арманын орындайды.

■ 2017 жылы Универсиадада күміс медаліне қол жеткізеді. Финалда Оңтүстік Кореяның спортшысы басым түседі. Дегенмен, аз уақытта биікті бағындыру батырлық дер едік.

■ Қазіргі таңда Жансәуле 73 келі салмақта, таэквондо спорты бойынша жаһандық рейтингте бірінші орында тұр. Атағы жоғарылай берсін деп тілек білдіреміз.

Ел арасында «талпынған жетер мұратқа» деп жатады. Бұл нақыл сөздің қадірін қайсар қызымыз жақсы түсінген сияқты. Біздер осындай биікті бағындырған жандардың мансаптық, ғұмырлық жолын арнайы береміз. Кім білсін, болашақта осы мақаланы оқыған жан өзіне керекті қуатты күшті жанына серік етер. Сөйтіп, Олимп шыңын бағындырар деп ойлаймыз.

Бетті әзірлеген Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 7 айға – 4203,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 7 айға – 11343,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 7 айға – 3083,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ШЕШІМ

Алматы қаласы Мәслихатының 2022 жылғы 6 мамырдағы №127 шешімі

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 8-тармағына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

- Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің құрамы осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
- Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдері жойылды деп танылсын.
- Осы шешім қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының хатшысы

С.КАНКУРОВ

Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 6 мамырдағы №127 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің құрамы

- Кисиков Бекнур Сейтжанович – Қазақстан Франчайзинг Қауымдастығының Президенті;
- Кобеева Алтынай Орманкалиевна – «Ақпараттық-ресурстық орталық» ҚК директоры, Алматы қаласы Мәслихатының депутаты;
- Джапаров Борис Аликенович – Қазақстан ғылыми-білім беру компьютерлік желісін пайдаланушылар қауымдастығының бас директоры (КазРЕНА);
- Ким Вячеслав Семенович – Қазақстан корейлері Қауымдастығының Басқарма мүшесі, «Жеңіс» фирмасы ЖШС директоры;
- Абдушкұров Мурат Муктарович – Ауғанстандағы соғыс және жергілікті әскери қақтығыстар ардагерлері мен мүгедектері Үйлестіру кеңесінің төрағасы;
- Альжанова Аида Қурманғалиевна – «Adam Damu» Еуразиялық гуманитарлық орталығы» ҚК төрағасы;
- Гасанов Рафаэль Руфинович – ҚР «Жастарға жол» жастарды дамыту қорының президенті, Independ.kz ақпараттық агенттіктің басшысы;
- Джепка Богдан Игоревич – Мүгедек адамдарды оңалту жөніндегі Алматы мүгедектер қоғамының мүшесі, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтарын қорғайтын белсенді;
- Қасымжанова Жанат Какимсейтовна – Инновациялық технологиялар және зерттеулер ғылыми орталығы» ЖШС бас ғылыми кеңесшісі;
- Ерлан Диана – Отбасы, әйелдер істері және балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің мүшесі, «Kzhol «Қайырымдылық қоры» қамқоршылық кеңесінің мүшесі;
- Жумадил Арман Кабдешұлы – Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Қазақстан мен шеткес елдердің ежелгі және ортағасырлық тарихы бөлімінің меңгерушісі, «Ақ жол» ҚДП Алматы қалалық филиалы төрағасының орынбасары;
- Ким Владимир Алексеевич – «Интеркоммерс Казахстан» ЖШС Құрылтайшы дамыту жөніндегі директоры, #нетутильсбору қоғамдық қозғалысы активінің құрушысы және мүшесі, «Намыс» саяси партиясын құру жөніндегі бастамашыл топтың мүшесі;
- Қурабаева Жанар Тукешқызы – «Фирма-Тигрохауд» ЖШС Бас директоры, бизнесвумен;
- Арупов Акимжан Арупович – Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институтының директоры, «Тұран» университетінің профессоры, Қазақстан ұйғырларының қалалық этномәдени орталығы Басқарма Төрағасының кеңесшісі;
- Шибубов Марат Максумович – «Халықаралық Әлеуметтану және саясат институты» ҚК директорының орынбасары, саясаттанушы;
- Байсакова Зильфия Мухамедбековна – «Қазақстанның дағдарыс орталықтары одағы» ЗТБ басқарма төрағасы;
- Копжасарұлы Ерканат – Журналист, «31 арна» телеарнасының «Неге?» қоғамдық – саяси ток-шоуының жүргізушісі;
- Жакупов Нуржан Бауржанович – «Путь Домой» ҚК төрағасы, «Забота о Близнем» ҚК төрағасы, «Наркостоп» жобасының кураторы;
- Камалов Бахтияр Камалович – «ҚР Ардагерлер ұйымы» РКБ Медеу аудандық филиалының төрағасы;
- Шиманская Полина Викторовна – Журналист, блогер, ОКА, Edu Stream білім беру компаниясының баспасөз хатшысы;
- Наурызбаев Асет Кабдушович – «Solai Tech» ЖШС тең құрылтайшысы, «Алматының таза ауасы» азаматтық бастамасының модераторы;
- Нуртаев Тимур Таймасович – «Timus Development» ЖШС директоры, «Qazaq Geography» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшесі;

- Тау Сырымбек – «Daco motors KZ» ЖШС құрылтайшысы, меценат, блогер;
- Тайтүлеев Төлеугали Мухамеджанович – «Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжі» КМҚК директоры, Қазақстан Кәсіпқой бокс федерациясының вице-президенті;
- Кураев Ислам Бахтияр-Оғлы – «Almaclub» қазақ ауызекі тіл клубының құрылтайшысы, «ASHINA MEDIA GROUP» ЖШС директоры, саясаттанушы;
- Рамазан Бекбол Батыржанұлы – Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол академиясының проректоры;
- Рақышев Еркінбек Әбдіғәппарұлы – Қазақстандық кинорежиссер, сценарист, «Жас Ұлан» киностудиясының директоры;
- Шиишигина Ольга Васильевна – Қазақстандық жеңіл атлет, Олимпиада чемпионы, жаттықтырушы, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, АОСК бастығы;
- Капасов Думан Жандосович – «Green Oi» ҚК жетекшісі, Қазақстан Велоқоғамының негізін қалаушы;
- Белянов Александр Петрович – Алматы қаласы Әділет департаменті жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрағасы, «Express Autoservice» Компания президенті;
- Кожалиева Тогжан Бақытжанқызы – «НАҚ» қоғамдық қайырымдылық қорының атқарушы директоры;
- Масалимова Алия Рмгазиновна – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлеуметтік даму жөніндегі проректоры м.а.;
- Жанысбай Талғат Сағатұлы – «Құндылықпен Тәрбие» КБ Төрағасы;
- Байгабулова Гульмира Масабаевна – «Urban Living» ЖШС Бас директоры, құрылтайшысы, урбанист;
- Ғазиз Қайсар Айдосұлы – Жас белсенді, жеке кәсіпкер;
- Шопшекбаева Айгүль Шопшекбаевна – Отставкадағы полиция полковнигі, ювеналды тәжірибе саласындағы танымал маман, Алматы қ. ПД ардагерлер Кеңесі Төралқасының мүшесі, Алматы қаласы отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі комиссияның мүшесі.

Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 6 мамырдағы №127 шешіміне 2-қосымша

Алматы қаласы мәслихатының жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

- Алматы қаласы мәслихатының 2019 жылғы 18 наурыздағы №325 «Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы» шешімі;
- Алматы қаласы мәслихатының 2019 жылғы 22 қарашадағы №408 «Алматы қаласы мәслихатының 2019 жылғы 18 наурыздағы №325 «Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі;
- Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 17 қаңтардағы №426 «Алматы қаласы мәслихатының 2019 жылғы 18 наурыздағы №325 «Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№ 3 қалалық емхана» КМК-да Бақылау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды конкурстық іріктеуді өткізу туралы хабарландыру

Өткізу күні: бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң екінші күні анықталады.
Конкурсты өткізу орны: 050006, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қалқаман көшесі, 20, тел.: 8 (727) 341-06-66, 8 (727) 270-86-26, ішкі: 307, заң бөлімі 2-кабатта.
Кәсіпорынның атауы: Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№3 қалалық емхана» КМК.
Кәсіпорынның орналасқан жері / пошталық мекенжайы: индекс 050009, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Розыбакиев көшесі, 74.
Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: Ересектерге және (немесе) балаларға амбулаториялық-емханалық көмек.
Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кестеріне сайланатын адамдарға қойылатын негізгі талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 бұйрығына 2-қосымшада 2018 жылғы 26 ақпандағы өзгерістер мен толықтырулармен көрсетілген.
Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу күні 14.05.2022 жылдан 13.06.2022 жылға дейін.
Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі 2018 жылғы 26 ақпандағы өзгерістермен және толықтыруларымен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 бұйрығының 3-қосымшасының 2-тарауының 9-тармағында айтылған.
Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдаудың басталу күні бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап анықталады: 050006, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қалқаман көшесі, 20, тел. 8 (727) 341-06-66, 8 (727) 270-86-26, ішкі: 307, заң бөлімі 2-кабатта.

Алматы қаласы МАЭС 01.04.2022 ұйғарымымен «Дәулет-Дострой» ЖШС-не қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы Азаматтық іс қозғалды. БСН 050140005375, мекенжайы Алматы қаласы, Жетісу ауданы, «Құлагер» шағынауданы, 59/1 үй, тел.: +7 701 555 04 59



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: 259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

Балалар
жылы
2022Ерекше балаларға
қолдау көрсетілді

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

Рая
ЕСКЕНДІР

Биылғы Балалар жылы аясында елімізде көптеген игілікті істер қолға алынып, жүзеге асып жатыр. Солардың ең маңыздысы – ерекше қажеттіліктері бар балаларға жасалып жатқан жеңілдіктер.

БАЛАЛАР ФЕСТИВАЛІ

«БАЛАФЕСТ» достарын шақырады!

Қалалық әкімшіліктің қолдауымен Балалар жылы мен Халықаралық балаларды қорғау күні аясында «Алматы БАЛАФЕСТ» қалалық балалар фестивалі бастау алды. Аталмыш байқауда қаламыздың 300-ден астам кішкентай тұрғындары өз өнерлерін сынға салып жатыр.

Осынау байқау барысында жас бүлдіршіндер өздерінің өнерлерін көрсетумен қатар, спортқа деген қабілеттерін шыңдап, өздеріне көптеген достар табатын болады. Сонымен қатар, биылғы жылы байқауға ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың да қатысуына мүмкіндік жасалып отыр.

Қазіргі кезде «БАЛАФЕСТ» фестивалі аясында қаламызда 7 балалар байқауы өтіп жатыр. «Жұлдызды сәт» деп аталатын байқауда балалар музыкалық шығармашылық және хореография саласы бойынша, «Open Air Спорт» байқауында спорт және салауатты өмір салтын, «Бояулар

құпиясы» байқауы барысында бейнелеу және сурет өнері, «Хакатон-IT Universe»-IT-де дрондар және робототехника, «Өнерлі бала» – Сәндік қолданбалы өнер, «Кітап – білім бұлағы» байқауында мәнерлеп оқудан өзара жарыса, «Жасыл Алматы» байқауында Экология және қоршаған ортаға қатысты өз білімдері мен білетін ақпараттарын ортаға салып жатыр. Сонымен қатар, «Сенім», «Аяла», «Шапағат» медициналық-әлеуметтік мекемелері мен «Кеңес» оңалту орталықтарындағы ерекше білім алуға қажеттіліктері бар 600 балаға арнайы 5 бағыт бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып отыр. Байқауға

қатысушы ерекшелігі бар балақайлар «Аспаз», «Спорттық дода», «Түстер әлемі», «Шебер балақай», «Әсем табиғат» деп аталатын байқауларға қатысатын болады. Аталмыш байқау 28 мамырға дейін өтетін болады.

Жаздың алғашқы күні, яғни 1 маусымда Алматының барлық аудандарындағы 11 алаңда мультфильмдер мен ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен балаларға арналған мәдени ойын-сауық бағдарламасы басталады. Сондай-ақ, балаларға арналған ойын алаңдарында танымдық ойындар мен спорттық іс-шаралар, шеберлік сыныптары, көрмелер, басқа да мерекелік бағдарламалар ұйымдастырылады. Байқау жеңімпаздары мен эстрада жұлдыздарының қатысуымен Гала-концерт өтіп, алғаш рет фестивальдің әнұраны шырқалатын болады.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

МЕРЕЙТОЙ

Досбол
АТАЖАН

Республика сарайында Ticketon.kz билеттерді онлайн сату сервисінің онжылдық мерейтойы болды.

Қазақстандық іскерлер 2012 жылы 12 мамыр күні Ticketon.kz онлайн сервисін іске қосып, алматылықтарға кино, театр, цирк және басқа мәдени-спорттық шараларға кассаға бармай-ақ билет сатып алу мүмкіндігін сыйлаған. Осыған орай, Алматының Республика сарайында отандық және шетелдік сахналарды бағындырған жұлдыздардың қатысуымен концерт өтті. Мерекелік шара аясында кино, театр, спорт және өзге де өнер салаларының

Онжылдықты атап өтті



үздіктеріне халықтың дауыс беруімен номинация берілді. Айта кеткен жөн, айтылған

шараға «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттері ақпараттық демеуші болды.

ЖҮЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

(14 – 21 мамыр)

ТОҚТЫ
(21 наурыз – 20 сәуір)

Басқалардың айтқанын мұқият тыңдаған жөн. Өрқашан біреулердің пікірлері мен кеңестері сізге ұнамайды, бірақ пайдалы ақпарат алуға, маңызды нәрсені білуге мүмкіндік бар. Мақсатқа жету үшін сізге жақын арада не істеу керектігі туралы ұсыныс түсуі мүмкін.

ТОРПАҚ
(21 сәуір – 21 мамыр)


Аптаның алғашқы жартысы келіспеушіліктер мен дауларсыз өтуі екіталай. Бірақ басқалар не десе де, сіздікі дұрыс екенін білесіз. Көп ұзамай шындық айналадағы барлық адамға айқын болады. Сондықтан ерекше толқудың қажеті жоқ, сәл күту жеткілікті.

ЕГІЗДЕР
(22 мамыр – 21 маусым)

Аптаның жауапкершілігі үлкен. Айналаңыздағы адамдар сіздің көптеген бастамаларыңызды ықыласпен қолдайды, көмек көрсетеді. Күтпеген сыйлықтар, сондай-ақ жоспарланбаған ақшалай түсімдер түсуі мүмкін.

ШАЯН
(22 маусым – 22 шілде)

Күннің басталуы өте қарбалас болса да, жағымды болады. Иә, сізде әдеттегіден гөрі көп істер мен уайымдар бар, бірақ сізде бәрі жақсы. Өмірден алған тәжірибе көмектеседі: сіз қателеспейсіз, қалай жақсы әрекет ету керектігін тез түсінесіз. Осы аптада сізді мазалаған сұрақтарға жауап табылады.

АРЫСТАН
(23 шілде – 23 тамыз)

Сіз мақсатыңызға жету үшін бар күшіңізді салуға дайынсыз. Бір орында отыра алмай, әрекет еткіңіз келеді, ал жағдай оған мүмкіндік бере қоймауы мүмкін. Бірақ аландамаңыз, бұл апта жарқын және есте қаларлық оқиғаларға толы болмақ.

Ескі достарыңыз да, жаңа таныстарыңыз да қолдауға дайын бастамаңызды қолға алудан тартынбаңыз.

БИКЕШ
(24 тамыз – 22 қыркүйек)

Аптаның басталуы қуанышты жайттарға толы болады. Осы уақыт ішінде сіз бұрын мүлдем үмітсіз болып көрінген тапсырмаларды жеңе аласыз. Кейбір би-кештер басқаларды мазалаған сұрақтарға жауап табады. Сізге жаңа мүмкіндіктер ашатын оқиғалар орын алмақ.

ТАРАЗЫ
(23 қыркүйек – 22 қазан)

Апта таңғажайып романтикаға, сәтті кездесулерге толы болмақ. Пайдалы ұсыныстар келіп түсуі мүмкін. Қарыздарыңызды уақытылы қайтарыңыз. Айналаңыздағы жақын адамдарға күтпеген жерден сыйлық жасаңыз.

САРЫШАЯН
(23 қазан – 21 қараша)

Қарым-қатынас үшін қолайлы апта. Сіз көпшілікті қуанта аласыз, әдетте ешкімді ұнатпайтын адамдарға жақсы әсер қалдырасыз. Жаңа таныстықтар болуы мүмкін, достықтың басталуы немесе романтикалық оқиғаны бастан кешіресіз. Осы аптада достарыңыз бен отбасыңыз үшін үй мерекелерін ұйымдастыруға белсене кірісесіз.

МЕРГЕН
(22 қараша – 21 желтоқсан)

Сіз көп нәрсеге қабілеттісіз. Жолда сіз жеңе алмайтын қиындықтар жоқтың қасы. Тапқырлығыңыз қарсыластарыңызды артта қалдыруға көмектеседі. Сіз мақсатқа жетудің бұрын ешкім ойламаған жолдарын табасыз, сол арқылы жетістікке жетесіз. Іскерлік қатынастарды нығайтуға, ықпалды адамдардың қолдауына жүгінуге мүмкіндік туады.

ТАУЕШКІ
(22 желтоқсан – 20 қаңтар)

Бұрын бастаған істеріңізді аяқтауға жақсы апта. Сіз басымдықты дұрыс қоясыз, неге назар аудару керектігін түсінесіз, сондықтан үлкен нәтижелерге қол жеткізесіз. Көптеген тауешкілерге бұрын жинақталған тәжірибе тиімді болады. Басқалармен елеулі келіспеушіліктер болмайды. Бұрын сіз тек өзіңіз айтқан нәрсені жасаған адаммен де келісімге келу мүмкіндігі болады.

СУҚҰЙҒЫШ
(21 қаңтар – 19 ақпан)

Апта соңында сізді көптеген кездесу, саяхат күтіп тұр. Ой-өрісіңізді, біліміңізді кеңейте түсуге, жұмысқа керек тәжірибе жинақтауға жаңа мүмкіндіктер туады. Мойныңызға артылған жауапкершіліктен, шаршаудан қашпаңыз.

БАЛЫҚТАР
(20 ақпан – 20 наурыз)

Аптаның басы табысты оқиғаға толы болмақ. Сіз өзіңіздің барлық нәрсеніңізді байыпты қабылдайсыз, бұрынғы қателіктерге жол бермеңіз. Жақындарыңыз сіздің бастамаларыңызды қолдауға дайын. Ұзақ достық ортақ істен басталуы мүмкін.

Әзірлеген Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.